Бірінші қабат сәл қатқаннан кейін, түпкілікті кептіруге дейін, алғашқы қалыңдығы 7 ... 8 мм түсті қабатты жағады. Ол сәл қатқаннан кейін, басқа түсті жаппа қабатын жағады; бір, егер екі қабатты сграффитожобаланса, немесе 1 ... 2 көп қабатты болса. Қабаттар саны



жоба, сурет бойынша беріледі.

Орта қабаттар үшін түйіршік мөлшері 0,15... 0,6 мм толтырғыш қажет, жоғарғы қабатқа ұнтағы бар ерітінді барады - 0,15 мм кем.

Барлық қабаттарды жаққаннан кейін, бетке сурет салынады. Ол үшін әліпмай сіңірілген суланбайтын картоннан жасалған, бізбен тесілген суреті бар шаблон-трафарет қолданылады.

Трафаретті сылақтың жазықтығына орналастырады. Содан кейін трафареттің тесілген жерлерін дәке қапшығынан бормен опаланады. Тасымалданған суреттің контуры бойынша түсті жаппа қабаттардың үстіңгі қабаттары арнайы болат құралдарымен (қашаулармен, қырғыштармен және т.б.) сызылады.

Кесте 4.9. Сграффито сылақтары үшін қоспалардың құрамдары (көлемі бойынша бөліктер)

Құрамдастар	Сылақтың түсі					
	ақ	сары	қызыл	қызылгт	көк	қоңыр
Ақ құм	3	3,5	3	2,5	3	3,5
Жоса	—	0,2	—	—	—	0,3
Мумия	—	—	0,4	—	—	—
Үгітілген кірпіш	—	—	—	0,3	—	—
Ультрамарин	—	—	—	—	0,3	—
Портландцемент 400 маркалы	—	—	—	—	—	0,3
Умбра	—	—	—	—	—	0,1

Сурет. 4.55. Сграффитоны орындау үшін трафаретпен жұмыс істеу

кезектілігі:

а - қабырғаға бекітілген үлгі; б - үлгінің кескініне жағылған ерітінді; в - үлгісін алып тастағаннан кейін сыланған беттегікөлемді пішін

Сызу жұмыстары тез жүргізілуі керек - қабаттардың кеуіп кетпеуі үшін 5-тен 6 сағаттан кешіктірмей. Сондықтан жаппа қабаттары бір ауысымда өңдеуге болатындай мөлшерде қолданылады.

Үстіңгі қабат сурет сызығымен түзу бұрышпен емес, белгілі бір көлбеу бұрышпен кесіледі (Сурет 4.54, в). Бұл шеттер суретті бұзылудан қорғайды және (егер қабырға өңделіп жатса) ылғалдың кескік жиектерінде тұруына жол бермейді. Кесілген жоғарғы қабат мұқият алынып, астындағы басқа түс қабатын ашып көрсетеді.

Екінші қабат сондай схемамен қиылады, тек үлгіні төменгі қабатқа орналастырады. Үлгінің қалыңдығы бірінші қабаттың қалыңдығына тең болуы керек. Көп қабатты сылақ кезінде әрбір қабат өз кезегінде кесіледі.

Көлемді суреттіалу үшін трафаретті пайдаланады (4.55-сурет). Мұндай трафарет болжамды сурет орнына қойылады (4.55, а), уақытша бекітеді немесе жай ұстайды. Кесілген қалыптарға сәйкесінше түсті ерітінді салынады, түзетіледі, және сылақтың тегіс фактурасы қажет болса, тегістеледі (4.55, б). Ерітінді ұсталынып болғаннан кейін (0,5.1 сағаттан кейін), алдымен сылақтан жақсырақ алыну үшін оны соққылайды, содан кейін трафарет алынады (Сурет 4.55, с). Беттеалынған трафареттің орнында дөнес, түсті фигура қалады.

Қылқаламдықсылақ. Тұрақты және берік қабырғаларды әрлеу үшін қылқаламдық сылақты қолдануға болады. Кәдімгі бояулардың орнына арнайы сылақ қолданылады, ол бояулар сияқты жағылады—бояу қылды жаққышпен немесе жөкемен.

Бұл сылақ —ұсақ ұнтақталған тас ұны қосылған аралас байланыстырғыштардан тұратын жұқа декоративті құрам болып табылады. Сұйық қаймақ қоюлығы болады. Қылқаламдық сылақтың құрамдары 4.10. кестеде келтірілген.

4.10. кестеҚылқаламдық сылақтың құрамдары

	Көлемі бойынша бөліктер саны
--	------------------------------

Ерітінді құрамдастары	Бетонды беттерді және цементтің сыланған жерін бояу үшін	Бетонды беткі қабаттарын және әк сылағының қабатын бояу үшін
Маркасы 400 кем емес портландцемент	1	1
Әк қамыры	1	2
Кірпіш ұны	2	3

Портландцемент және тасты ұнды араластырғаннан кейін, құрғақ қоспаны әк сүтіменараластырады. Құрамы тығыз болса, онда ол сумен сұйылтылады. 1-ші сыныпты сұйық әк қолданылуы тиіс.

Кірпіш ұны (оны мәрмәрдікпен, әктікпен, туфтықпен, кеуктастықпен, доломиттікпен ауыстырыла алады) жақсылап ұнтақтау керек және 0,15 мм ұшықтары бар електен өткізу керек. Әк-құмды құрамына реңк беру үшін жоса, мумия және басқа да жер пигменттерін қосуға болады. Тасты ұнның болуы осы бояуларға әктіктерден берігірек болуға мүмкіндік береді: тасты ұн күшті нығайтқыш қаңқасын жасайды.


Мұндай сылақ щеткамен, қылы қатты жаққышпен немесе жөкемен де жағылады (4.56 сур.):

- бірінші жаппа қабаты - қамыр тәрізді консистенциялы негіз, дайындалған бетке әдеттегі әдіспен жағылады;
- екінші қабат –сұйығырақ, щетка арқылы жағылады;
- соңғы кезең –сылақ рельефінен шығып тұрған жерлері күрекшемен алынады немесе тегістеледі.


Қалыптамамен әрлеу. Жақсы икемді ерітіндіден жасалған жаңадан жағылған қабатты әртүрлі қалыптамаларменөндеуге немесе рельеф суреттері бар резеңке сылақшамен тегістеуге болады (4.57-сурет).

Осылайша өңделген қабырға әдетте майлы бояуларымен боялады.

Сәндік кірістірмелер. Бұл әдіс сыланған қабырғаны кейбір ою-өрнекпен қайта жаңғырту, кейбір жазулар жасау немесе фриз қажет болғанда пайдаланылады (4.58-сурет).



а



б



в




г

Сурет. 4.56. Қылқаламды сылақ:

а - бірінші қабатты күрекшемен жағу; б - жаққышпен екінші қабатты жағу; в—шығыңқы жерлерді күрекшемен тырнау; г—егеуқұм қағазымен қосымша өңдеу

Сыланған бетте, кескішпен болашақ кірістірменің орнын мұқият кеседі, шеттерін дұрыстап тегістейді. Тазаланған жерге цемент ерітіндісін (1: 2 немесе 1: 3 құрамды) немесе күрделі ерітіндіні (1: 1: 5 немесе 1: 1: 6 құрамды) жағады. Жаңадан жасалған ерітіндіге өрнек үшін таңдалған метлахск тақтайшасын, кілемдік мозайканың ұсақ плитасын немесе басқа материалдарды отырғызады. Бір немесе әр түрлі түстердің тақтайшаларынан суретті жасауға болады.



Сурет. 4.57. Фактуралық сылақты өңдеу әдістері: а – ұлтас тәріздес құрылым; б – қабыршақ тәріздес құрылым; в – қалыптамалармен орындау; г – сылақшамен өңдеу

Тақта бау және тіктеуіш бойынша орнатылады, түзеткішпен тексеріледі.

Кейде кірістірмелер кірпіш киыршық тасынан жасалып, оны жаңа сыланған ерітіндіге батырады.

Кірістірмелер үшін жылтырланған тақталарды алмау керек, себебі жылтырдың аязға төзімділігі төмен және төменгі температурада жылтыр түседі.

Фреска. Бұл сылақтағы көп түсті, тұрақты сурет. Бұл жағдайда сылаққа қарапайым рөл беріледі - оның көмегімен қабырғаларды бояу үшін негіз дайындалады. Бірақ сылақтың қалай орындалғанына, бояудың беріктігі байланысты.

Фрескаға арналған грунтқа талаптар өте қатал. Ең алдымен, қабырға тек қана осы уақытта құрғақ емес, сондай-ақ ылғалдың енуінен, оның ішінде жер асты суларынан сенімді түрде окшауланғанына көз жеткізу керек.

Грунттың негізбен сенімді біріктірілуі үшін, ол басқа сылақ сияқты бірдей технологиямен дайындалады, бірақ неғұрлым мұқият.

Грунт әк ерітіндісінен жасалады. Бірақ оны ерекше дайындайды.

Ол үшін көмірде жағылған әктастан жасалған жақсы дамыған балшық қамыры ғана қолайлы.

Сурет. 4.58. Сәндік сылақ «кірістірме»

Әк қамырын кем дегенде бір жыл ұстайды. Осы уақыт ішінде одан бірнеше рет ұнын шығарады: әтік сүт күйіне дейін сұйылтылады, шашты електен өткізеді, тұндырады, суын төгеді.

Құмды, онда саз және басқа қоспалар қалмайтындай, мұқият жуады.

Грунтты әрбіреуі 3,4 мм қалыңдықты 5...6 қабатжағады. Құрамы:

- төменгі қабаттар үшін 1: 2;
- жоғарғы үшін 1: 1.5.

Қабаттарды жағу барысында құмның ірілігін азайтады.

Әрбір қабатты жаққаннан кейін, ерітіндінің массасынүккіштің соққыларымен тығыздалуы немесе сылақшамен тегістелуі керек.

Соңғы қабат тегіс болуы керек. Құм түйірлерін щеткамен немесе жұмсақ тампонмен мұқият алып тастайды.

Суретші дереу дымқыл грунтта бояуды бастайды: бетінде көміртегі қышқылының пленкасы пайда болғанда, бояуды салуға болмайды. Сондықтан сылақшы суретшіге бояуды бір күн ішінде орындауға болатын, фронтты кішкентай аймақтармен дайындайды.



ҚАБЫРҒАЛАРДЫ СИНТЕТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРМЕН ӘРЛЕУ

Жалпы ақпарат. Тегіс қабырғаларды кәдімгі бояудың орнына синтетикалық материалдардан жасалған текстуралық және фактуралық сылақ және бояумен әрлеу келді. Мұндай жабындыларға венециандық жартылай түссіз түрлерінен құрылымдық материалдарға дейін алуан түрлері жатқызылады. Бірінші түрлері көркемдік әсер берсе, екінші түрлері мүсіндік бедерді бейнелейді. Сонымен қатар, оларды қолдану ыңғайлы, жұмысқа тез дайындалады (құраушыларын сумен араластыру арқылы).

Соңғы жылдары құрылыста беттерді жаңа әсемдік әрлеу түрлері пайда болды. Әрлеудің жаңа түрлері пайдалануға дайын құрғақ және паста тәрізді қоспа түрінде болады. Бұл қоспаларды қолдану қолайлы. Зауыттық жабындылар бітемелік құраушымен бірге салмағы 5-25 кг аралығындағы пластмасс ыдыстарда өндіріледі.

Мұндай сылақтарды әкімшілік және қоғамдық ғимараттардың алдың әрлеу үшін қолданады. Жабындыны жақсартылған сылақ немесе тегістелген бетон қабырғасы түріндегі негізге түсіреді.

Қоспалар өңделетін бетке желімді құраммен жабыстырылатын әртүрлі материалдардың қоқымдарынан тұрады.

Синтетикалық сылаққа граниттік, шыны, керамикалық, көмірле, сланецті және полимер гранулирленген қоқымын қолданады, ол тегістелген бетке білікше, қалақша көмегімен қолмен түсіріледі, ал жұмыс көлемі үлкен болған жағдайда – механизацияланған жолмен пайдаланады.

Қоқым көлемділігіне байланысты беттердің әртүрлі фактурасы алынады:

- ірілігі 2-5 мм қоқым беттің ірі түйірлі фактурасын береді;
- кейде түсті портландцемент қосылатын 0,5 мм кем қоқым матаға еліктейтін фактураны береді, мысалы, барқыт.


Желімдеуші қабаттың ілінісуін (адгезиясын) жақсарту үшін өңделетін бетті поливинилацетатты су-эмульсиялық құраммен тегістейді.

Желімдеуші құрам ретінде осы марканың суға араластырылмаған су-эмульсиялық құрамын қолданады. Сонымен қатар, полимерцементтік және коллоидты-цементтік желімді (КЦЖ) қолданылады.

Желімдік қабат кепкеннен кейін қоқым бетіне кейбір кезде акрил

лағынан тұратын қасбет немесе ішкі беттерге арналған қорғаныш қабаты түсіріледі.

Қазіргі уақытта қолдануға дайын көптеген құрғақ қоспалар өндіріледі: «байрамикс», минералды сылақ — «терралит», бедерлі сылақ жабыны — «терракоат», әсемдік текстуралық қабат — «бедер», венециандық сылақ және т.б.



4.59-сурет. Синтетикалық материалдардан сылақ жасау әдісі:

а — қоспаны ыдыстан еріту жәшігіне салу; б — су құю; в — араластыру

Консистенциясы және жағу әдісіне байланысты құрылымдық және фактуралық сылақтар кәдімгі кедір-бұдыр жабындыдан бастап біртума көлемді суретке дейін әртүрлі жабындылар жасалынады.

Ерітіндіні дайындау және онымен жұмыс жасау оңай (4.59-сурет): қоспаны үлкен ыдысқа салып, су құя отырып, иілімді, біртекті күйге дейін араластырады.


Синтетикалық жабындыларды жағу. Құрылымдық (түйірлік) сылақ — байланыстырушыны қосумен минералдардың біртексіз қоспасы. Ол біртума көрінетін бедерді құрады және қабырға ақауларын жасыруға болады. Мұндай жабындылардың ерекшелігі – өте жақсы иілімділігі және кез келген құралға «көнгіштігі».

Құрылымдық сылақтардың артықшылықтарымен қатар, қолдану қиындықтары да бар. Мұндай жабындыларды қайта жағу, яғни, түзеу немесе кетіру қиын.

Алдын-ала арнайы төсемелік қағазбен желімделген ішкі ғимараттарды жабындымен әрлеу кезінде бұл қиындықты

болдырмауға болады. Жабындыны ауыстырған кезде бұл сылақ қағазбен бірге шешіледі.

Қабырға бетіне бірнеше әсемдік құрамды қабаттап түсірген кезде визуалды әсерді жақсартуға болады. Мұндай жұмысты кәсіби әрлеуші-әсемдеуші орындауы қажет. Бетті мұндай әрлеу кезінде панно түріне келтіруге болады: әртүрлі текті нақыштар және суреттер. Суретті алу үшін қабырғаға сурет контуры бойынша бояу таспасын жабыстырып, құрамды түсіреді (4.60-сурет). Түсірілген қоспа кепкеннен кейін таспаны шешіп, орнына басқа түсті қоспаларды түсіреді.



4.60-сурет. Қабырғаға синтетикалық материалды жағу: а — сурет контуры бойынша бояу таспасын жабыстыру; б — қабырғаға қоспаны жағу

Фактуралық сылақ деп материал және жағу әдісіне байланысты қабырғаға ерекше бедерді жасайтын сылақ жабындылары.

Бұл жабындылар сылақтардың басқа түрлері сияқты тұрақты, экологиялық таза, сондай-ақ қосымша әрлеуді қажет етпейді. Сонда да, олар кәсіби жабдықтар мен белгілі технологиялық шеберлікті қажет етеді.

Мұндай жабындылардың материалы экологиялық таза, төзімді, оны қызметтік тағайындалуы әртүрлі бөлмелерде, тіпті жуыну бөлмесінде қолданылады.

Дайын қоспаларды жағу әдістері әртүрлі:

- ұсақ түйірлі қоспа арнайы қылқаламмен, білікшемен, қалақшамен, сыпырғыш, өз қолымен түсіріледі;
- орташа түйірлі сылақ қоспасы білікше және сылақ күрекше, қатпар жазғышпен түсіріледі. Сылақ күрекшесімен немесе

қатпар жазғышпен жағу нәтижесінде толтырғыш түйірлері қозғалтылып, атыз немесе сызаттар пайда болады. Сурет сипатына құралды басу күші, еңкейту бұрышы және қозғалту әдісі әсер етеді. Арнайы дөрекі фактуралы «ауылдық» стильдегі беттерді жасауға қажет;

■ ірі түйірлі сылақты қалақшаны айналдырып түсіріледі, әк жартаста көне үнгір қабырғасына ұқсайды.


Мұндай жабындылар айқын көркемдік әсер жасауға мүмкіндік береді, мысалы: ылғал жібек фактурасын (Pallas, OLKOS, Италия), қыртысталған матаны, вельветті (Les Soies, Франция), көне қабырғалар фактурасын (Gypsus, Fidresire) және т.б.

Қазіргі уақытта әрлеуіш құрылыс материалдарының Ресей нарығында құрылымдық және фактуралық сылақтарды өндіретін көптеген отандық және шетелдік фирмалар бар.


Байрамикс — сыртқы және ішкі әрлеу жұмыстарын орындауға арналған әсемдік-әрлеу материалы. Салмағы 25 кг дейінгі ыдыстарда (шелекте) өндіріледі. Ол түйір өлшемі 1,5-3,5 мм боялған гранит және мәрмәр қоқымынан, синтетикалық шайырлардан, акрилды байланыстырушы құраушылардан және арнайы толтырғыштардан тұрады (4.61-сурет).

Материал атмосфералық әсерлерге төзімді, серпімді және иілімді құрылымға ие, ауа өткізбейді, дыбыс оқшауланған.

Кепкеннен кейін әсемдеуіш беттер әдемі және әсерлі түрге ие. «Байрамиксті» жағу алдында қабырғаны түзету, яғни сылақ жағу және жақсылап кептіру қажет.



а



б

4.61-сурет. «Байрамикс» сылақ түрі: а — ашық түсті; б — қара түсті

Ерітіндіні болат құралдармен жағу ұсынылады: қатпар жазғыш немесе сылақ күрекше. Алдын-ала тегістелген бетке жұқа қабатпен жағылады.

Дайын жабындының кебу уақыты – 24-48 сағат.

«Терралит» минералды сылағыбетоннан, көбіршік бетоннан, цементтен, ағаштан, гипсті-қатырмадан жасалған барлық беткі және ішкі қабырғаларда әсемдеуші жабынды ретінде қолданылады.

Қабырғаларды дайындау келесі операциялардан тұрады:

- шаң, кір және өзге материалдардан, ескі жарық бояудан, тұздардан, майлардан тазалау;
- егер қабырға қатпарсызданса немесе қатты бүлінген болса, барлық саңылауларды алдын-ала жөндеу қажет.

Дайындау көп уақыт алмайды, өйткені, «терралит» салмағы 30 кг пластик шелекшелерде паста түріндегі қолдануға дайын паста түрінде өндіріледі.

«Терралит» жағылатын қабат қалыңдығына байланысты (0,5-2 мм) сылақ күрекшесімен немесе бояу пультімен жағылады.

Кептіру уақыты – 24 сағат.

«Терракоат» бедері сылақ жабындысы — қолдану аймағы және жұмыс әдісі «терралит» сылағымен бірдей. Айырмашылығы – толтырғыштың ұсақтығы.

«Рельеф» әсемдеуіш текстуралық қабат – бұл ары қарай бояу алдында қабырғаға әсерлі әсемдеуіш құрылым беру үшін беткі және ішкі жұмыстарға арналған дайын материал. Салмағы 20 кг пластмасс шелекшелерінде шығарылады. Барлық қабырғаларда адгезивтік қасиеттері жоғары. Шұғыл климатты барлық аймақтарда қолданылады. Кептіру уақыты – 18 сағат. Қабырға жоғарыда аталған жабындыларда қолданылатын технология бойынша дайындалады. Құрылымдық білікше немесе бүріккішті қолданумен жағылады. Жаққаннан кейін құрылымды тот баспайтын болаттан жасалған күрекшемен немесе қалақшамен жеңіл тегістеп жіберу қажет

Венециандық сылақ — бейберекет орналасқан материал дақтарының үйлесімі ажарланған табиғи тас суретінің тереңділік елесін туғызады. Қосылған пигментке байланысты мәрмәр, оникс, малахит, лазурит қимасының әсері туады. Тастың оптикалық қасиеттері беріледі: жылтыр, терең жылтылдау, жарық пен көлеңке ойыны, олардың фонында желі тарамының өрме жазуы көрінеді, ал сурет тереңінен оқылады.

Ұсақтау дәрежесі маңызды: шаң ұсақ болған сайын, сурет шебер

орындалады, ірі болған сайын, сүргіленген тас фактурасына жақын болады.

Жоғарыда аталған әдістермен жағылады, алайда қосымша операциялары болады:

- сылақ және колердің қажетті мөлшерін араластыру;
- күрекше ортасына сылақ ерітіндісінің аз мөлшерін алу (шамамен алақанның жартысына);
- күрекшені 30° бұрышпен қабырғаға жақындату;
- құралды қатты баса отырып, күрекшені қабырға бетімен жүргізіп өту;
- бірінші жағу бағытына перпендикуляр бағытта күрекшемен қайта жүргізу;
- әр 10 мин сайын ылғал шүберекпен сүрту.

Осылайша, біртектілікті болдырмастан, барлық қабырғаларға әрлеу қажет. Венециандық сылақтың жақсы қабаты жарық көрінерліктей 0,05 мм артық болмауы тиіс. Жұмыс басталғаннан 15-20 минуттан кейін қолдың шаршайтынын ескеру қажет, сондықтан бір кезекте венециандық сылақты көп мөлшерде араластырмау қажет. Бірінші қабатты 6-12 сағат ішінде кептіріп, ары қарай жұмыс жалғастырылады. Екінші қабат алдыңғысынан ашықтау немесе күңгірттеу болуы тиіс, бұл «мәрмәр» әсерін береді. Қабаттардың қорытынды саны үштен онға дейін жетеді.

Венециандық сылақтың соңғы қабаты шамамен 15 мин кептіріледі, ары қарай ажарлауға өтуге болады.

Күрекшені қабырғаға көлденең бағытта орналастыру қажет және жабындыны максимал басу арқылы жүргізеді. Құралды әртүрлі бағытта қозғалта отырып, әрленген венециандық сылақты толығымен өңдеу қажет.

Кепкеннен кейін қабырғаны табиғи ара балауызымен жабады. Ол жабынды жылтырлығын күшейтеді және қабырғаға тас түрі мен массивтілігін береді.

Бір апта өткеннен кейін балауыз жағуға болады. Бұл сол күрекшенің көмегімен жеңіл орындалады. Жақпалар әртүрлі бағдарланған. Балауызды аса қалың жағуға болмайды: кептіргеннен кейін бұл жерде қара дақтар пайда болады!

Соңғы операция – бастыра отырып, бидай шүберекпен айналмалы қозғалыспен қабырғаны толғымен өндеп шығу.

АРНАЙЫ МАҚСАТТАҒЫ СЫЛАҚТАР

Арнайы сылақтарға жатады: гидро-оқшаулағыш (су өткізбейтін), жылу-оқшаулағыш, рентгеннен қорғаушы, дыбыс жұтатын акустикалық, қышқылға төзімді, пешке арналған сылақтар.

Гидро-оқшаулағыш (су өткізбейтін) сылақ құрылымдарды су және басқа сұйықтарды қорғау үшін қолданылады. Гидро-оқшаулағыш сылақтар, әдетте, механизацияланған жолмен қажетті қабат санын біртіндеп жағу арқылы кәдімі әдіспен орындалады. Сұйық шыныдағы ерітінділер кәдімгі жолмен түсіріледі: бүрку, бояу қабаты, жабу қабатын мұқият ысқылау және сылау. Жабу қабаты үшін кәдімгі цементті-күм ерітіндісін қолданады, өйткені ерітіндінің құрамындағы сұйық шыны ауадағы көмірқышқыл газ әсерінен бұзылады.

Гидро-оқшаулаушы сылақты механизацияланған әдіспен жағу торкреттеуге, яғни қысым астында қысылған ауаны бүркеуге арналған арнайы құрылғылардың көмегімен оқшауланатын қабатқа (бассейндердің, су қоймаларының, жер төленің) 1:2 және 1:3 қатынаста кәдімгі цемент-күм ерітіндісін түсіру арқылы орындалады. Қажет болған жағдайда цемент-күм ерітіндісіне тығыздаушы қоспалар енгізіледі (сұйық шыны, церезит, натрий алюминаты, битумдық және латексті эмульсиялар және т.б.). негізгі агрегат – СБ-13 немесе С-117В цемент-зеңбірігі (жұмыс жасау принципі бір). Қалыңдығы 15-20 мм қатайған торкрет-сылақ тығыз қабатының беріктігі 1,5 МПа дейін жетеді.

Торкрет-сылақты түсіруге арналған құрылғы құрамына цемент-зеңбірігі орнатылған дөңгелек жүрісті арба, ресиверлі компрессор, суға арналған бак, иілімді шлангтер (материалдық, суға арналған, ауаға арналған) және шүмек кіреді. Цемент-зеңбірігі негізгі агрегат болып табылады (жұмыс жасау принципі бірдей дерлік).

Қысылған ауаның жұмыстық қысымы 0,3-0,4 МПа; тасымалдау қашықтығы: көлденең бойынша 200 м дейін, тік бағытта 45 м дейін; электрқозғалтқыш қуаты 4-5,5 кВт; шлюздік барабанның айналу жиілігі 0,07-0,08 с⁻¹; салмағы 800-1000 кг жұмыс жағдайында цемент-зеңбіріктердің құрғақ қоспа бойынша өндіргіштігі 1,54 м³/сағ. Цемент-зеңбірікпен жабдықталатын жабдық құрамына: диаметрі 38 мм, ұзындығы 30 мм материалдық шланг; диаметрі 12 мм, ұзындығы 30 м ауа түтігі; шүмек және қосымша бөлшектер.

Жылу-оқшаулағыш сылақ қоршаушы құрылымдардың, әсіресе,

тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың жылу-техникалық қасиеттерін жақсарту үшін қолданады. Құрылыс тәжірбиесінде «жылы» сылақты қолдану қабырға материалының шығынын 19-21%-ға қысқартуға, сыртқы қоршау құрылымының құнын 12-15%-ға, қабырға тұрғызу және әрлеуге кететін еңбек шығындарын 27-30% қысқартуға мүмкіндік береді.

Ұстастырғыш ретінде гипс немесе цементті қолданумен ісінген перлит құмы негізіндегі жылу окшаулауыш құрамдарды қолдану перспективасы зор.

Сылақтың бұл түрін сонымен қатар, ыстық құбырларды салқындатудан қорғау, технологиялық жабдықтарда және арнайы құрылымдарда қолданылады. Бұл жағдайда ерітінділер біртекті қоспаны алғанға дейін сумен араластырылған асбесттен немесе асбозуриттен тұрады.

Рентген қорғаушы сылақ қымбат қорғасын окшаулағышты алмастырады, баритті толтырғыштарда орындалады. Мұнда барит (ауыр шпат) кемінде 85% күкіртті қышқыл бариден тұруы тиіс. Ұстастырғыш зат ретінде портландцемент қолданылады, кейде созымдылық беру үшін цементті әк қоспасының 0,25% үлесінде 1:4 (цемент:барит) ерітінді құрамын қосады.

Бұл кезде сылақпен әрлеу + 15 °С жоғары температурада жүргізіледі; сылақтың айқасуын болдырмау үшін қабырғаны толығымен бірден өндеп шығады. Ерітіндіні қолмен шамшырақтар бойынша қалыңдығы 6-10 мм қабаттармен жағады.

Қалыңдығы 1 мм қорғасын окшаулау қабатына бариттік сылақтың 14,6 мм қабаты сәйкес келеді. Сылақ шаң, кір, май және битум дақтарынан, сондай-ақ, тұздардан тазаланған беттерде орындалады.

Сылақтың кірпіш қабырға бетімен қажетті байланыс беріктігі қуыс жәк тереңдігі 20,25 мм қуыс жікті қалау арқылы қол жеткізіледі, қабырғалар бетон және гипс болған жағдайда каркас бойынша арматуралық болаттан жасалған металдық тор тартылады. Сылақ +15 °С температурасы кезінде ұсталады.

Дыбыс жұтушы акустикалық сылақтар шу деңгейін азайту үшін қолданылады. Ұстастырғыш материал ретінде цемент, әк, гипс, каустикалық магнезит қолданылады. Толтырғыштары – кәдімгі құм, қождан, кеуектастан, керамзиттен, перлиттен жасалған құм.

Бояу жабыны үшін 10% « қоспасын қосумен 1:3:4 (цемент:құм) құрам етігіндісін дайындайды. Дыбыс окшаулағыш сылақтар

құрылымы бойынша қарапайым әдіспен бір қабатпен орындалуы мүмкін.

Сылақ беті тегістелмейді, тек жартылай үккіштермен жүріп өтеді.

Қышқылға төзімді сылақ химиялық кәсіпорын бөлмелерінәрлеу үшін қолданады. Агрессивті заттардың әсеріне төзімділік ұстастырғыш ретінде қышқылға төзімді цементті, ал толтырғыштар ретінде кремний-фтористті натрий және сұйық шыныны қосумен ұсақталған кварцит қолданылады.

Сылақ жағу кәдімгі сылақ құрылымымен ұқсас орындалады.

Ерітінді құрамы жобамен анықталады.

Пештер мен алауошақтарға арналған сылақ – сылақ жағу басталмастан пеш басылып, толығымен кебу қажет.

Сыртқы бетін саздан қырғыш немесе сылақ күрекшесімен тазаланады. Кірпіштер арасындағы жіктерді 10 мм жоғары тереңдікке тазартады.

Мұндай беттерге сылақ жағу кезінде ең маңыздысы және жауаптысы – бұл ерітінді. Бұдан кейін бікімеге екі рет бояу жабындысын жағады. Жабындының жоғарғы қабатын тегістейді.

Сылақтың жалпы қабатының қалыңдығы – 20-15 мм.

4.11-кесте. Кірпіш пештеріне сылақ жағуға арналған ерітінділер құрамы

Құраушылар	I	II	III	IV
Саз	1	1	1	—
Әк қоспасы	1	—	—	2
Құм	2	2	2	1
Гипстік ұстастырғыш	—	—	—	1
Цемент	—	—	1	1
Асбест	0,1	0,1	0,2	0,2

4.11

БЕТТЕРДІ ҚҰРҒАҚ ӘДІСПЕН ӘРЛЕУ

4.11.1. Құрғақ әрлеу туралы жалпы мәліметтер

Құрылыс өндірісін индустриаландыру бойынша жұмыс 1930-жылдары басталды. Тұрғын корпустары құрылысында жаңалықтар әкелінді. Алғаш рет беттерді әрлеудің жаңа әдістері – құрғақ сылақ жағу әдісі пайда болды. Оргалитпен барлық төбелер, ал құрғақ гипс сылақ беттерімен қабырғалар қапталды.

Бұл тәжірбиелерді Ұлы Отан соғысы тоқтатып тастады. Олар 1950-жылдары жаңа қарқынмен қалпына келтірілді. Осы уақыттан бастап, құрғақ сылақпен әрлеу сулы сылақ жағумен қатар жүреді, кейбір кездері оның орнын да басады.

Қазіргі құрылыста дәстүрлі еңбек көлемді және ұзақ болатын, өңделуі қысқы уақытта одан да күрделене түсетін беттерді сулы сылақтау процесстерін ірі өлшемді бет материалдарын қолдану арқылы, сондай-ақ, объектке келіп түсетін құрылымдар мен бөлшектердің зауыттық дайындығын арттыру арқылы индустриалық құрғақ әрлеу әдістерімен алмастырыла бастады. Бұл әрлеу жұмыстарын орындау мерзімін қысқарту, сондай-ақ олардың еңбек шығындарын 1,5-2 есе азайтуға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың қабырғаларын қаптауға арналған әртүрлі бет материалдары белгілі. Алайда қолдану көлемі бойынша аса танымал гипсті қоспадан жасалған катырма қағазбен желімделген панельдер бірінші орынға ие. Оның атауы уақыт өте өзгеріп отырды. Бір уақытта оны «риглис» деп атады, себебі, мұндай беттер алғаш рет Ригада пайда болды, одан кейін – «құрғақ сылақ», ал енді «гипс-катырма беттері» (ГҚБ). Құрылымдық сапалары өзгерседе, принципі сол күйінде қалды. Бүгінгі күні құрғақ әрлеу технологиясы Ресейдің құрылыс тәжірбиесіне қарқынды еніп келе жатыр. Бұл кездейсоқ емес. Маңызды өзіндік ерекшеліктерге ие бола тұра, бұл әрлеу түрі көптеген адамдарды: жеке мердігерлерді және құрылысшыларды қызықтырды. Шетелде бұл әдіс бұрыннан қолданылады, өйткені ол дәтүрлі, сулы технологияларды қолданусыз жүзеге асырылады.

Құрғақ әрлеу технологиясы еңбек шығындарын (уақыт және күш), материал шығындарын айтарлықтай қысқартумен қатар, ғимараттың тіреуші құрылымдарына түсетін жүктемені қысқартады. Бұл осы іргетаста қабат санын көбейтуге, архитектуралық және жоспарлы бөлігін жақсартуға мүмкіндік береді.

«Жинақтамалық жүйелер» атауы кездейсоқ емес. «жинақтама» сөзі латын тілінен толық деген мағынаны білдіреді, ал «жүйе» сөзі – тұтас, яғни қандай да бір құрылыс мәселесін шешуге қолданылатын элементтердің толық тұтас немесе максимал мүмкін саны.

Қазіргі уақытта Ресейдің бірқатар оқу орындарында құрғақ әрлеу әдісі бойынша мамандар дайындау жүргізіліп жатыр.

Дәстүрді сулы әдістермен салыстырғанда құрғақ әрлеудің бірқатар артықшылықтары бар:

- өндірісте қажетті өлшемді материалдарға алдын-ала тапсырыс беру мүмкіндігі. Гипс-қатырма беттері (ГҚБ) және гипс-талшықты беттері (ГТБ) стандартты өлшемдерімен қатар, ұзындығы 0,5- 6 м дейін қадамы 3 мм шығарылады;

- құрылыс тетіктері өлшемінің дәлділігі жоғары; бұйымдарды, профильдерді және бекіту тетіктерін дәлдеу қажеттілігі жоқ; дайындау дәлділігі бойынша ең жоғары талаптарды орындайды; мүмкін болатын ауытқулар минимал;

- құрылыс алаңында сулы процесс санын азайту; қабырғаларды тұрғызу, құрылыс алаңына ерітінді қоспаларын әкелу немесе төбелер мен қабырғаларды сылақпен әрлеу үшін дайындау қажеттілігі жоқ; сыланған беттерді кептіру үшін жағдай жасау қажет емес;

- ескі ғимараттарды қайта құрылымдау мүмкіндігі (олардың дыбыс- және жылу оқшаулануын жақсарту, құрылыс жоспарын өзгерту, төбелерді қаптау, шатыр асты кеңістігін мансарда құрылысына пайдалану);

- монтаждау кезінде әртүрлі архитектуралық шешімдерді іске асыру (яғни, қазіргі дизайнды қамтамасыз ету), жайпақ беттермен қатарғы қисық сызықты әртүрлі деңгейдегі беттерді алу мүмкіндігі;

- құрылыс процесінде үзілістерді қысқарту.


Бет материалдарымен қабырғаларды қаптау ҚНМЕ 3.04.01-87 сәйкес орындайды. Қабырғаларды қаптау жұмыстарын белгілі реттілікпен орындайды:

- материалды жұмыс орнына беру;
- беттерді дайындау және түзулігін тексеру;
- құрылымдарды орналастыру орындарын белгілеу;
- белгілер (шамшырақтар) немесе каркасты орнату;
- материалдарды және мастикаларды дайындау;
- беттерді бекіту;
- беттерді және жіктерді әрлеу.

4.11.2. Беттерді құрғақ жолмен әрлеу сапасына қойылатын талаптар

Беттерді гипс-қатырмасымен өндеу жұмыстарын қабылдау кезінде беттердің тірекке (қаңқаға) бұрама шегелермен бекіту сенімділігін, жарықтардың, сындырылған жерлердің, қатырманың тесілуін, бұрыштардың омпырылымының болмауын және олардың тұрақтылығын тексеру қажет.

Көрші беттер арасындағы деңгей айырмасы 0,5 мм аспауы тиіс.



Жөнделген бет түзу, тегіс, таза және майлы дақтарсыз болуы тиіс. Қабырғаларда сылақ ерітінділерінің бұжырлығы болмауы тиіс.

4.62-сурет. Гипс-қатырма беттерін бұрама шегелерімен тірекке бекіту:

a — профильге қате бекіту; *б* — дұрыс бекіту

Бұрама шегелердің бастары ары қарай сылау мақсатында 1 мм тереңдікте гипс-қатырма бетіне енуі тиіс (4.62-сурет). Беттерді тек қаңқа профильдерінде (кесек) қиыстыру қажет. Ары қарай бетін бояуға дайындау үшін ГҚБ және ГТБ арасындағы жіктерде арнайы сылақ құрамдарының көмегімен сылайды.

Ақаулардың туу себептерін және оларды жою әдістерін қарастырайық. Бет материалдарымен әрлеу бойынша жұмыстарды өндіру кезінде келесі ақаулар туындауы мүмкін:

- Плиталар арасындағы жіктерді өндеу біртектісіздігі;
- ГҚБ бекіту жерлерінде дөңестіктер – нашар бұралған бұрама шегелер шығып тұрады;
- ГҚБ беттері арасында жарықтар – жіктерді өндеу кезінде беттердің бекіту сенімділігі тексерілмеген.

Барлық анықталған ақауларды жоюға болады. ГҚБ беттері арасында жарықтар болғанда беттерді тірекке бұрама шегелермен қайтадан бекіту қажет, өйткені беттер тығыз бекітілмеген, және жіктерді өндеу қажет.


4.11.3. Беттерді құрғақ әдіспен әрлеуге арналған материалдар

Бет материалдары. Ғимарат қабырғаларын өңдеу үшін басым жағдайда гипс-қатырма беттерін, гипс-талшықты беттерін, ағаш-жоңқа және ағаш-талшық плиталары, қағаз-қатпарлы және ағаш-қатпарлы пластиктер, полистирол және поливинилхлорид (винипласт) беттері және т.б. қолданылады.

Гипс-қатырма беттерін (ГҚБ)(4.63-сурет)гипс ерітіндісін минералды және органикалық қоспалармен прокаттау, шыны талшығымен арматуралау, алынған тікбұрышты жазық бетті екі жағынан қатырмамен желімдеу арқылы жасалады. ГҚБ ұзындығы 2500-4800 мм, ені 600-1200 мм, қалыңдығы 8-25 мм стандартты өлшеммен өндіріледі. Беттер құрғақ және қалыпты ылғалдық климатты ғимараттарда қолданылады.

Қазіргі уақытта беттер қасиеттері мен қолдану саласына байланысты өндіріледі:

- кәдімгі (ГҚБ): қатырма түсі — сұр, еңтаңба түсі — көк;
- Ылғалға төзімді (ГҚБЫ): қатырма түсі – жасыл; еңтаңба түсі — көк;
- Ашық алау әсеріне қарсыласуы жоғары (ГҚБА): қатырма түсі — сұр, еңтаңба түсі — қызыл;
- Ылғалға төзімді ашық алау әсеріне қарсыласуы жоғары (ГҚБЫА): қатырма түсі — жасыл, еңтаңба түсі — қызыл.



4.63-сурет. Гипс-қатырма беті:

1 — бүйір жақ ернеу; 2 — сыртқы жақ; 3 — бүйір ернеуі; 4 – беткі жақ; 5 – өзекшесі

*Гипс-талшықты беттер (ГТБ)*ГҚБ салыстырғанда материал

құрамы бойынша біртекті, қаптауы жоқ (қатырма жабындысы). Бұл беттер құрылыс гипсінен, тарқатылған целлюлозалық маклатура және әртүрлі технологиялық қоспалардан жасалған. ГТБ – экологиялық таза құрылыс материалы. Ғимараттарды ішкі әрлеуге арналған, ұқсас құрылымдарда қолданылады.

ГТБ беттері еденнің құрамалық негіздерін салу үшін, еденнің дайын элементтері ретінде кең қолданысқа ие болды. ГҚБ беттерімен салыстырғанда өрт қауіпсіздік қасиеті жоғары болғандықтан, гипс-талшықты беттерді мансарда ғимараттарын қаптау үшін ұсынылады.

ГТБ қасиеттері және қолдану аймағына байланысты ажыратылады:

- кәдімгі (ГТБ);
- ылғалға төзімді (ГТБЫ).

Бет өлшемдері: ұзындығы — 2 500 мм, ені — 1 200 мм, қалыңдығы — 10-12,5 мм. Сонымен қатар, кіші форматты өлшемде шығарылады: ұзындығы — 1 500 мм, ені — 1 200 мм, қалыңдығы — 10 мм.

Ағаш-жоңқалық плиталары(АЖП) ағаш жоңқаларын байланыстырғыш затпен ыстықтай пресстеу арқылы алынады. Байланыстырғыш зат ретінде фенолформальдегид, зэртасформальдегид және т.б. шайыр қолданылады, олар табиғи ағашпен салыстырғанда, бұл бұйымдардың биотұрақтылығы және беріктігі жоғары.

Стандартты жайпақ плиталардың ұзындығы 2 440-5500 мм, ені 1200-2 440 мм, қалыңдығы 10.25 мм.

Оларды қапталмаған және қапталған ағаш қабыршағынан, синтетикалық үлдір немесе әрленген эмальдар, лактардан және т.с.с. дайындайды.

Бұл плиталардың кемшілігіне біршама майысуы жатады, мұның салдарынан желімделген қатпарында едәуір қажетсіз кернеулер пайда болады.

Ағаш-талшықты плиталар(АТП) іске жарамсыз сүрек және ағаш өндеу қалдықтарынан, балауыз, канифоль, синтетикалық шайыр, антисептиктерден пайда болған талшықты қоспадан пресстеледі.

Стандартты плиталардың ұзындығы 1200-2700 мм, ені 1000-1700 мм, қалыңдығы 2,5-6 мм.

Олардың беті айнадай-жылтыр немесе тегіс. Оларды лактармен, эмальдармен және басқа құрамдармен жабылады.

Қағаз-талшықты пластик эмульсиялар, шайырлар және т.б.

түрінде синтетикалық термиялық белсенді байланыстырғыштармен сіңірілгенарнайы қағаз түрлерін ыстықтай жайпақ пресстеу өнімі болып табылады. Ол гигиеналығы, жарыққа тұрақтылық, аз салмақтылық қасиеттерімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, жуушы құралдарға, органикалық ерітінділер мен майларға, әлсіз қышқыл мен сілті ерітінділеріне қатысты сондай-ақ, 130 °С температураға дейін қыздыруға тұрақты.

Бұл қасиеттер пайдалану ылғалдылығы жоғары ғимараттарға арналған қағаз-қатпарлы пластиктің пайдаланылуын шектемейді.

Пластик ұзындығы 400-3000 мм, ені 400-1600 мм, ені 1,3 мм; бір түсті, көп түсті немесе сурет бейнесімен шығарылады.

Ағаш-қатпарлы пластик бакелитті лакпенсіңірілген және термиялық өңдеу барысында пресстелген қайың (сирек жағдайда бүк ағашы немесе жөке ағашы) қабыршығы болып табылады.

Өндірілетін бүтін беттердің ұзындығы 700-1500 мм, құрамдық беттердің ұзындығы – 4800-5600 мм; беттердің екі түрінің ені – 950 мм және қалыңдығы – 10-12 мм.

Беттер тегіс, ағаш текстуралы, осыған байланысты олар бөлмелерді жоғары сапалы әрлеуде кеңінен қолданылады.

Соққыға төзімді полистирол беттері ақ, ашық-көгілдір және т.б. түсті болады және қоспада және су эмульсияларында радикалды полимеризация арқылы алынады, ары қарай пресстеледі.

Олардың стандартты ұзындығы 700-1500 мм, ені 700-1000 мм және 1250-1400 мм, қалыңдығы 1,4-2 және 2,6 мм.

Қышқылдар, сілтірлер және мұнай өнімдерінің ерітінділеріне ылғалдық және химиялық төзімділігі жоғары. Сондықтан, мұндай бет материалдарымен ауруханаларды, өнеркәсіптік және сауда ғимараттарын әрлейді (мастика және желіммен қабырғаға бекітеді). Кемшіліктеріне термиялық беріктілігінің төмен болуы жатады (100 °С дейін).

Винипласт беттері түссіз және түсті болады. Олар тегіс поливинилхлорид негізді пластикалық қоспаныпресстеу немесе экструзиялау әдісімен алынады. Бұл жанбайтын материал сілтілер мен қышқылдардың әсеріне тұрақты, сондықтан ол өнеркәсіптік ғимараттардың қабырғалары мен қалқандарын әрлеуге арналған. Винипласт беттері тікбұрышты пішінді. Олар боялған немесе боялмаған түрде ұзындығы 1300 мм кем емес, ені 500 мм дейін және қалыңдығы 1-20 мм аралығында өндіріледі.

Қаңқаны монтаждау және беттерді бекітуге арналған

тетіктер мен бұйымдар. Қаңқа – бұл бет материалын бекітуге арналған қатаң негіз. Қаңқа металл профильдерден және де ағаш кесектерінен орындалуы мүмкін.

Профильдер болат таспаны суықтай прокаттау арқылы алынған ұзын өлшемді металл элементтері (4.64-сурет). Мұндай профильдер ғимараттардың барлық санаттарына қолданылады. Профильдер құрылымы және тағайындалуы әртүрлі қаңқаларды тұрғызуға арналған.

Профильдердің стандартты ұзындығы 2,75; 3; 4 және 4,5 м; қалыңдығы 0,56-0,6 мм.


Қажет жағдайда профильдердің ұзындығын ұзартып, үсті үстіңе қиыстырылады (4.65-сурет).

Профильдердің негізгі түрлері: тіреуіштік – ПС; төбелік – ПП; бағыттаушы – ПН; бұрыштық – ПУ.


Бағыттаушы (ПН) және тіреуіштік профильдерді қабырғалар мен төбелерді әрлеу үшін бет материалдары монтаждалатын қаңқалар тұрғызуға арналған.

Төбелік профиль (ПП) аспалы төбелердің қаңқаларын тұрғызуға қолданылады.

Бұрғылап тесілген бұрыштық профильдер (ПУ) ГТБ және ГҚБ құрылымдарының сыртқы бұрыштарында орнатылады. Ол бұрыштарды тіктеуге, сонымен қатар, пайдалану кезінде оларды механикалықзақымдаудан қорғауға көмектеседі.



4.64-сурет. Металл профильдері:
1 — бұрыштық ПУ; 2 және 5 — бағыттаушы ПН; 3 — тіреуіштік ПС; 4 —
төбе арқалығы ПП



4.65-сурет. Профильдерді ұзарту:


1 — бұрандалы шегелер; 2 және 4 — тіреуіш профильдері; 3 — айқассалын

Қаңқаның ағаш кесектері қылқан жапырақты араланған материалдардан дайындалуы тиіс. Оларды антипирен және антисептикпен өңдеу қажет.

Қаңқа ағашының ылғалдылығы 12-15% аспауы тиіс. Ағаш қаңқа элементтерінің ылғалдылығы 18% аспауы тиіс, ағаш жануын, сондай-ақ шіруін төмендететін материалдармен — антипирендермен сіңірілген.

Асқыштар қаңқа негізге профильдерді байланыстыру, монтаждау және қаңқаны бекітуге арналған (4.66-сурет).

Асқыш түрі есептік жүктемеге байланысты анықталады.




4.66-сурет. Асқыштар:

a — тік; *б* — тартқышы бар анкерлі Т типті; *в* — П типті байланыстырғыш; *г* — Х типті байланыстырғыш; *д* — профиль ұзартқышы

Бекіту элементтері — әртүрлі текті дюбельдер мен бұрама шегелер (4.67-сурет).

Олар



бет

материалдарын қаңқаға бекітуге және жабдықтарды бос денелі құрылымдарға асуға арналған.

4.67-сурет. Бекіту бұйымдары:

a — бос денелі құрылымдарға арналған дюбель; *б* — нейлондюбель; *в* — көп функционалды дюбель; *г* — бұрама шегелі пластмасс анкерлік дюбель; *д* — анкер — сына; *е* — анкерлік дюбель; *ж* — MGP-S дюбель

Гипс-қатырмалық беттерді бекітуге арналған таратып салу жинақтамасы 4.68-суретте келтірілген.

Мастикалар бет материалдарын кірпіш, бетон, сыланған тегіс, сондай-ақ, кедір-бұдыр қабырға негіздеріне жабыстыруға арналған. Мастикалар бөлме ішінде қолданылады. Мұндай мастикалар негізі – гипстік тұтқыр мастика және арнайы қоспалар. Қазіргі уақытта пайдалануға дайын мастикалардың алуан түрлері өндіріледі.

Мастикалармен жұмыс жасауға арналған негіз температурасы +5 °С төмен емес, таза, майлы дақсыз құрғақ болуы тиіс.

Қатты сіңіруші беттер, мысалы, силикатты кірпіш, газды бетон, сылақтар арнайы төсеме бояумен грунтулады. Тығыз, ылғал сіңірмейтін беттерді, мысалы, бетон, кеуек бетонды монтаждық мастика ерітіндісінің бетпен адгезиясын (ілінісуін) жақсарту үшін өңдейді. Төсеме бояу жағылғаннан кейін оны кептіру қажет.

Бет материалдарымен өңделетін кірпіш және бетон беттердің ылғалдылығы 8% аспауы тиіс, ал ағаш құрылымдардың - 23%.

Ғимараттың бос қаланған кірпіш қабырғаларының ішкі бет жіктерін ерітіндімен толтыру қажет.

Қалқандардың қабырға және төбелерге жанасатын жерлерін мұқият бітеледі.

Беттерді қабырғаға бекітпес бұрын:

- Есік және терезе блоктары орнатылуы;
- Сулы процесстерге қатысты барлық құрылыс-монтаждау және әрлеу жұмыстары аяқталуы;
- Телефон және радио желілері орнатылып, санитарлы-техникалық жүйелердің монтаждалуы;
- Қабырғалар шаң мен кірленуден тазалануы тиіс.

Электр кабельдерін электр розеткалардың монтаждық қорапшаларына және ажыратқыштарға шығатын шықпа ұштары бет материалдарымен қаптау аяқталғаннан кейін қол жетімді, ал тесіктерді бұрғылау кезінде орнату қорапшаларына арналған фрезалармен бітелмейтіндей төселеді.

Тұрмыстық жабдықтарды ілу және еденкемер бекіту орындарына бекіту белгілерімен бір жазықтықта қапталатын бет материалдарының қиындысынан негіздер (қаңқалар) мастика және желіммен дайындалады.

Қабырғаларды әрлеу кезінде ғимараттың температуралық-ылғалды режимі оны пайдалану режиміне сәйкес келуі тиіс. Қысқы уақытта жұмыстар жылу беру және желдету жүйелері жұмыс жасағанда орындалуы тиіс.

4.11.5. Әрлеуге дайындау

Қапталатын беттерді дайындау. Гипс-қатырмалық беттермен әрлеуге арналған қабырғалардың ұзындығы және ені бойынша қажетті бет санын анықтау үшін өлшенеді. Бұл кезде беттер мен жақтаулардың симметриялы орналасуын, терезе, есік өтулері мен ойықтарымен жанасатын беттердің дұрыс кесілуін қамтамасыз ету қажет. Беттерді кесу кезінде орнату барысында плита және еден арасында еденкемермен жабылатын 2-3 см саңылау болуы керектігін ескеру қажет.

Қабырғалар мен қалқандарды қаптау үшін бүтін қаптау беттерімен белгілейді. Беттерді тек тік орналастырады. Егер жобада арнайы қарастырылмаған болса, беттердің көлденең жіктері рұқсат

етілмейді.

Құрылыс жүріп жатқан ғимаратта кейінгі жұмыстар беттердің бүлінуін болдырмайтын кезде қабырғаларды дайындау және белгілеу жүргізіледі.

Ары қарай беттік әрлеуге ұшырайтын қабырғалардың тегістігін және тік орналасуын тексереді және осьтерге бөледі. Қабырғаға басылған екі метрлік төрткілдеш және бақыланатын аймақ арасындағы саңылау 2 мм аспаса, қабырға тегіс деп саналады. Қабырға бетінің тіктігін тіктеуішпен тексереді, қабырғаның әр бір метрінде ауытқуы 1 мм аспауы тиіс. Беттерді қабырғаға мастикамен тікелей бекіту кезінде бастапқы қаңқа беттерін орнату үшін оған тік осьтерді, бекіткіш аспаптарды және жіктерді бағыттау осьтерін, жіктердің тік сызықтары және т.б. белгілейді. Егер беттерді шамшырақтар немесе қаңқалар бойынша бекіту жоспарланса, онда оларды орнату үшін сәйкес осьтерді белгілейді.

Мастикамен отырғызылған беттердің қабырғаға адгезиясын (ілінісуіне) кедергі келтіретін себептерді болдырмау үшін қабырғалар алдын-ала кірден, шаңнан және қалып майлауышы қалдықтарынан тазартылып, әртүрлі төсеме боялармен өңделуі тиіс. Төсеме бояу түрі қабырғалардың ылғал тартқыштығына байланысты.


Еден негізіне тікелей немесе дайындалған таза еден бетіне орналастырылатын гипстік беттерді орнатуға дейін беттің сыртқы қабаты бойынша олардың орналасуын белгілеп алады. Желімдеу қоспасының және беттің өзінің қалыңдығына сәйкес қажетті саңылауды ескере отырып, белгілеуді қабырғадан бастайды, олар бойынша белгісоққыш діптің көмегімен белгілеу сызықтарын салады. Олар бойынша жанасатын қабырғалар бұрыштарының тіктігін тексереді, ары қарай белгілерді төбеге және негізгі қабырғаға тіктеуіш көмегімен жүргізеді.

Әрлеу беттерін дайындау. Бұл жұмыстарға беттерді түс, суреті, өлшемі бойынша сұрыптау, белгілеу арқылы қажетті бүтін бет және жақтаулық элементтер санын анықтау, жалпы қабырға бойынша беттік жабынның сурет симметриясы бұзылмайтын есеппен орналастыру орындарын анықтау жатқызылады.

Осыдан кейін сәйкес қол құралдарын, өлшеу құралдарын, құрал-саймандарды қолданумен беттер кесіледі. Құрылыс жағдайында беттерді кесу кезінде ең алдымен, ұсақ тісті қол ара, пышақ, тегістеуіш немесе төрткелдеш, бұрыштық болғаны жөн, бұрыштық көмегімен беттің қажетті бөліктерін өлшеп, кеседі.

Беттер ағаштан жасалған ені 1200 мм шапқыш үстелдің (4.69-сурет) тегіс бетінде кесіледі. Үстелге орналастырылған бетті пышак көмегімен кеседі: қатырма немесе өзекше бөлігі. Кесілген бетті үстел шетіне орналастырып, беттің гипсті өзекшесін кесік бойынша бөледі, одан кейін беттің арғы жағында қатырманы кеседі. Пайда болған жиекті сыдырушы сүргімен өндейді. Жиегі тегіс, кетіктерсіз болуы тиіс.

Беттерді кесу кезінде электр аралары қолданылған жағдайда жиектердің жанып кетуін, кетіктер мен жарықтарды болдырмауға көңіл бөлуі қажет, бұл кесу жылдамдығын реттеу арқылы қол жеткізіледі.



4.69-сурет. Гипс-қатырма беттерін кесу:

a — қатырма қабатын өзекше ортасына дейін кесу; *б* — кескін орны бойынша үстел жиегінен бетті бөлу; *в* — сыдырлы жоңғышпен өндеу; *г* — жиектерін сүргілеу

Электр ажыратқыштарды, радио розеткаларды, желдеткіш торларын және т.с.с. орнату және бекітуге арналған тесіктерді бұрғылайды немесе ояды. Сонымен қатар, беттерді кесу операциясын орындау кезінде беттің төменгі жағы мен еден арасында 20-30 мм саңылау қарастырылған, ол кейін еден жуу кезінде беттің төменгі бөлігінің сулануынан сақтайтын еденкемермен жабылады. Кесілген бет дайындамаларын бір бумаға жинап, түзелуі және қалдық кернеулерді жою үшін құрғақ бөлмеде ұстайды.

4.11.6. Қабырғаларды бет материалдарымен әрлеу

Беттерді мастикамен бекіту. Гипс-қатырма беттерімен қабырғаларды қаптау технологиясы екі әдіспен іске асырылады:

- *қаңқасыз*— мастикамен (беттерді арнайы желімдер көмегімен қабырғаға жабыстырады, қапталатын бөлмелердің мүмкін биіктігі бет биіктігіне тең);


- *қаңқамен* – беттер алдын-ала орнатылған қаңқаға монтаждалады (мүмкін биіктігі 10 м дейін).

Қаңқасыз әдіспен монтаждау кезінде гипс-қатырма беттерін тікелей қабырғаға жабыстырады. Негіз сапасына қарай (қабырға тегістігіне) беттерді жабыстырудың үш әдісі бар.


Бірінші әдіс (4.70-сурет) – тегіс бет. Беттерді абсолют тегіс қабырғаға жабыстыру әдісі болы табылады, бұл тәжірбиеде өте сирек кездеседі. Мұндай қабырғалар, әдетте, темір бетон панельдерінен, ал қалқандар гипсті блоктардан орындалады. Желім ретінде гипс сылағының араластырылған ерітіндісін қолданады. Оны ГТБ немесе ГҚБ бетіне периметрі бойынша біртұтас жолақпен және тісті қалақша көмегімен ортасына жұқа қабатпен бір немесе (сенімділік үшін) екі жолақпен жағады. Сылақ қолдану кезінде көршілес беттердің саңылауларынан шығып тұрған ерітіндіні жіктерін бітеу және жіктер арасындағы сылақтың түзеуші қабаты ретінде қолданады.

Екінші әдіс (4.71-сурет) – қабырға біртексіздігі 20 мм дейін. Бұл кірпіштен, ұсақ блоктардан және гипсті желімнің қалың қабатын қажет ететін басқа материалдардан қаланған қабырға болуы мүмкін. Берілген жағдайда бет периметрі бойынша шамамен 25,30 см қадамымен және бет ортасынан бір-екі қатар бойынша 35,40 см

қадамымен жапсырмалау арқылы күрекшемен жағылатын желім қолданылады.



4.70-сурет. Абсолютті тегіс бетке мастикамен беттерді жабыстыру




4.71-сурет. Бертексіздігі 20 мм дейінгі бетке мастикамен беттерді жабыстыру:

1 – ГҚБ; 2 – желім-мастика; 3 – блоктарлан құралған қабырға

Үшінші әдіс (4.72-сурет) — қабырға біртектілігі 20 мм жоғары. Кедір-бұдыр қабырғаларға беттерді жабыстыруға мүмкіндік береді. Мұндай қабырғаларда ені 10 см ГҚБ жолақтарының көмегімен бет периметрі бойынша алдын-ала тегіс жазықтық құрылады. Жолақтарды орнату үшін қабырғаны ұзындығы 25 см бояу білікшесімен сәйкес төсеме бояумен дайындайды және өндейді. Жолақтарды қабырға бетіне қалақша көмегімен желіммен

жабыстырады. Бұл жолақтар шамшырақ қызметін атқарады. Олар мұқият түзетіліп, қабырғаның бір жазықтығына жабыстырылады. Желім толығымен кепкеннен кейін бұл жолақтарға желім көмегімен бет жабыстыралады. Осыдан кейін жанасу жіктері бітеледі.



4.72-сурет. Біртексіздігі 20 мм жоғары қабырғаға беттерді макстикамен жабыстыру:

1 — ГҚБ; 2 —мастика-желімі; 3 — кірпіш қалау

Беттерді монтаждау. Белгі сызықтары бойынша беттер монтаждалады. Төсеме бояу кепкеннен кейін, желімдік ерітіндіні дайындап, оны жоғарыда аталған үш әдістің бірімен жағады. Бетті көтеріп, бет материалының 1-2 жолағын еденнен 10-20 мм жоғары төсемеге орнатады, қабырғаға тақайды. Төсеме қалыңдығының арқасында беттерді тік сызық бойынша түзейді және қабырғаға және бір-біріне жанасуын тексереді. Негізіндегі саңылау желімдік құрамдарды кептіру үшін гипс-қатырма беттерінің желдетілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ, өздігінен түзелетін тұтастырғышты түсіру кезінде беттердің ерітіндімен жанасуын болдырмайды.

Бетке қысылған тегістегішпен жеңіл соға отырып, оны түзетіп, тік күйге әкеледі. Жазықтықтар деңгеймен тексеріледі.


Беттердің жоғарғы жиегі арасында астар астында жабыстырмалы бөлгіш таспамен шамамен 5 мм саңылау болуы тиіс (4.73-сурет), жіктерді орнатқанда монтаждауға дейін ол сылақпен толтырылады. Төбеге жақын пайда болатын саңылау желімдік құрамдар кепкенде беттердің желдетілуін қамтамасыз етеді.

Аспалы жабдықтар, мысалы, сөрелер, орнатылатын беттерге беттің алдыңғы жоғарғы қабатының бекіту аймақтарына сәйкес

келетін жерлерге желім жағылады.

Бет түзеткіш көмегімен түзетіледі, ал тік сызықтық деңгей көмегімен бақыланады.


Бірқатар жағдайда маман-шеберлер беттердің бір жазықтықта сенімді бекітілуі үшін едендегі белгі сызықтары бойынша қимасы 28x27 мм жіңішке бағыттаушы профильдерді (ПНП) орнатады, оларға монтаждау беттері кіргізіледі. Беттің төменгі шеті профильдің сыртқы қабырғасына ішінен қысылған болады. Мұндай шешімде қабырға бойында 60 см қадамымен өлшемі 10x20 см төсемелер қойылады, оларды әдетте төсеме жолақтарынан орындайды.



катырмалық беттерді жабыстыру кезінде құрылымдық ерекшеліктер:

а, б — сыланатын төбе жағдайында; *в* — аспалы төбе жағдайында; *г* — аспалы төбе және сыланған қабырға жағдайында; 1 — сылақ; 2 — бөлуші таспа; 3 — тегістегіш; 4 — гипс панелі; 5 — жылытқыш

Төсемелер алебастр (құрылыс гипсі) ерітіндісі негізінде бір деңгейде салынады. Немесе олардың орнын төсемелер қалыңдығымен реттеледі, олар жабын немесе еден астында дайындалған бетке дюбельдер және 6x45 өздігінен бұралатын шегелер көмегімен бекітілді. Терезе маңы қорапшасы немесе қабырғаның сыртқы тік бұрышында шамшырақтар немесе белгілер орнатылады, оларға



алдын-ала дайындалған гипс-қатырма беттерінен терезе немесе есік жақтауларын мастикамен жабыстырады.

4.75-сурет. Қабырғаларды металл қаңқа бойынша беттермен әрлеу:

1 — дюбель; 2 және 3 — бұрама шегелер; 4 — ГҚБ беттері; 5 — құбырлар немесе электр желілерінің ажыратқышы; 6 — бағыттаушы профиль кесіндісі; 7 — тіреуіш профиль; 8 — бағыттаушы профиль; 9 — тығыздаушы таспа; 10 — профильдің габариттік өлшемі; 11 — қабырға біртектілігіне немесе құбыр ажыратқышына арналған саңылау.

Беттерді қаңқа арқылы қаптау. Қабырғаларды қаңқа арқылы қаптау ғимарат түрі, бетпен әрлеуге ұшырайтын қабырға сапасы, бет өлшемі және басқа да нақты жағдайларға байланысты іске асырылады.

Металл қаңқа құру — металл қаңқа қолайлы болып табылады, өйткені оның сенімділігі, ұзақмерзімділігі жоғары және

экономикалық тиімді, ол зауытта дайындалған тетіктермен аз еңбек жұмсауымен монтаждалады. Металл қаңқалар кешенді жүйенің басты құраушысы болып табылатын профильдерден жиналады (4.75-сурет).

Профильдерді кесу (4.76-сурет) және жинау жұмыс орнында әртүрлі құралдар мен аспаптардың (электр қайшылар, шапқыш және т.с.с.). көмегімен орындалады. .

Еден негізінде және төбеде белгілер жүргізу қажет. Бағыттаушы, тіреуші профильдердің орнын, тіреуші профильдерді орнатуға арналған анкерлердің бекіту орындарын белгілеу қажет. Бағыттаушы профильдерді орнату алдында металдық қаңқаларды шудан қорғауға




4.76-сурет. Профильдерді кесу




4.77-сурет. Бұрағыш көмегімен беттерді бұрандалы шегелермен бекіту

арналған арнайы тығыздаушы ұсақ түйірлі полимер таспасын жабыстырады. Төбеге және еденге профильдерді дюбельдер көмегімен бекітеді. Дюбельдер қадамы әдетте 60 см құрайды.


Беттерді монтаждау— қаңқа орнатылғаннан кейін оған бұрағыш көмегімен тесіп өтетін бұрандалы шегелермен бет материалын бекітеді (4.77-сурет). Бекіту жұмыстарын бет бұрышынан өзара қатар бағытта 25 см қадаммен деформацияны болдыртпастан жүргізіледі. Өздігінен бұралатын винттерді бет жиегінен 10 мм қашықтықта бұрайды (4.78-сурет).



4.78-сурет. ГҚБ беттерін профильдерге (кесектерге) бекіту:
1 — ГҚБ беті; 2 — профиль



4.79-сурет. Каркастарда бекіту кезінде ГҚБ жайылуы



4.80-сурет. Бұрыштық профильмен сыртқы бұрыштарды өңдеу

Беттерді тік жағдайда монтаждайды. Егер орналастыру биіктігі бет ұзындығынан көп болса, көлденең жіктер бар жерлерге бағыттаушы профильдердің көлденең кесінділерін орнатады. Беттердің орналасуы екпінмен орындайды (4.79-сурет).

Еден мен бет арасында шамамен 10 мм саңылау қалдырады, ол еденкемер

көмегімен жабылады.

Сыртқы бұрышты зақымдаудан қорғау үшін тесілген бұрыштық қолданылады (4.80-сурет), ол ақырғы әрлеу кезінде сылақпен жабылады. Есік қорапшаларымен жанасатын жерлерде беттер беттесуі тиіс және ақырғы өңдеу кезінде жақтаумен жабылады.

Егер қабырғада аспалы жабдық бекітілетін болса, қабырғада осы орында қосымша құрылымдарды – кесектер немесе арнайы пластмасс дюбельдер мен бұрама шегелерді бекітеді. Салмағы 15 кг аспайтын сурет, сөрелер сияқты жеңіл жүктемелер дюбельдер көмегімен

тікелей гипс-қатырмалық бетке ілінеді.


4.81-сурет. Аспалы жабдықтарды ГҚБ беттеріне бекіту әдістері

Ағаш қаңқа құру — ағаш қаңқаға беттер шегемен (немесе бұрандалы шегемен) немесе арнайы бекіткіштермен бекітіледі (4.67 және 4.68 суреттер).

Ағаш қаңқалар (өлшемі 25х40 мм) кесектерден немесе тақтайлардан немесе дайын бірыңғайланған секциялардан орындалады. Алдымен қабырғаға алғашқы жасалған қаңқа бекітіледі, одан кейін оған жетілдірілген қаңқа бекітеді. Қаңқалар немесе секциялар қабырғаға шегелер көмегімен бекітіледі, шегелер қабырғада арнайы орнатылған ағаш тығындарына соғылады, немесе құрылыс-монтаждау тапаншасымен қадалатын дюбельдермен бекітіледі.

Қаңқаларды монтаждау кезінде беттердің болашақ жіктері болатын жерлерде өлшемі 25х80 мм кесектер бекітіледі. Қаңқаны тек тік және көлденең бағытта орнатады. Қаңқаның тік кесектері арасындағы қашықтық 400 мм аспауы тиіс.

Бет периметрі бойынша 200 мм сайын және бет жиегінен 20 мм аспайтын қашықтықта, сондай-ақ, беттің барлық ауданы бойынша ортасынан әрбір 35-40 см сайын шегелеу арқылы беттер қаңқаға бекітіледі. Беттер арасындағы жіктердің ені 6 мм аспауы тиіс.



4.11.7. Төбелерді құрау

Тағайындалуы әкімшілік-қоғамдық және өнеркәсіптік ғимараттарда аспалы төбелер орындалады.

Мұндай төбелерді құру оларды өңдеу кезінде ылғал процесстердің қолданылуын төмендетеді немесе толығымен жояды. 2,5-3 есе жұмыс көлемділігі және ұзақтығы қысқарады, сапасы

жоғарылайды. Төбе жабынының әсемдік-акустикалық қасиеттері айтарлықтай артады. Аспалы төбелер беткі жақ пен жабынды арасында ыңғайлы кеңістік құрады. Ол тағайындалуы әртүрлі инженерлік байланыстарды (желдету қорапшалары, құбыр желілері, электрлік және әлсіз тоқты желілер, шамдар және т.с.с.). орналастыру үшін орнатылады.

Жабынды плиталары арасындағы жіктерді сөгіту және қаңқа бекітпелеріне арналған белгілер орнату арқылы төбе негізін дайындайды.

Төбе ауданын белгілеу қабырғаға шығару үшін инвентир немесе су деңгейшесі көмегімен бөлмелерді, бағандар және таза аспалы төбені монтаждауға жататын басқа да жобалық белгілеулерін нақты өлшеуден бастайды.

Қабырға периметрі бойынша төбенің төменгі жағының борлы сызықтарын түсіреді, олар бойынша тіреуші металл бұрыштықтары бекітілуі мүмкін. Ары қарай едендегі өзара қатар осьтерді белгілеп, оларды тегістеуіш көмегімен төбеге ауыстырады.


Осьтердің белгіленуі бойынша түзік бау тартылады, тірек қаңқалардың аспаларын бекіту орындарында пластмассалық тіркегіштер, шамдар және т.с.с. орнатылады. Белгілеу бағытын дұрыс таңдау 10-15% материалды үнемдеуі мүмкін.

Төбелерді әрлеу тікелей темір-бетонды жабындыларда аспалы төбелерге арналған қаңқа бойынша орындалады.

Аспалы төбелерді монтаждау технологиясы. Аспалы төбелерді монтаждық өңдеу бойынша технологиялық операциялар келесі реттілікпен орындалуы мүмкін:


- Дайындық жұмыстары;
- Қаңқа құрылымдарын орнату;
- Бет материалдарын сұрыптау;
- Жарықтандыру арматурасына, желдету торларына және т.с.с. арналған тесіктерді белгілеу және орындау;
- Беттерді монтаждау;
- Беттер арасындағы жіктерді ақырғы өңдеу және жұмыс сапасын бақылау.

Аспалы төбенің қаңқа құрылымы ағаш немесе металл қаңқадан(4.82 және 4.83 суреттер), тасқыштардан, байланыстыру элементтерінен тұрады.



4.82-сурет. Төбені бір деңгейлі металл қаңқаға гипс-қатырма беттерімен өңдеу кезіндегі көрінісі :

1 — анкер — сына немесе анкерлік дюбель; 2 — асқыш жүгі; 3 және 10 — 28х27 мм бағыттаушы профиль; 4 — армирленген таспамен өңделген және сыланған жік; 5 — 60х24 қысқышы бар асқыш; 6 — ГҚБ беті; 7 — профильдерді бір деңгейде байланыстырғыш; 8 — 60х27 мм төбе профилі; 9 — өздігінен бұралатын бұрама шеге



4.83-сурет. Төбені екі деңгейлі металл қаңқаға гипс-қатырма беттерімен өңдеу кезіндегі көрінісі :

1 — анкер-сына немесе анкерлік дюбель; 2 — асқыш жүгі; 3- 60х24 қысқышы бар асқыш; 4 — армирленген таспамен өңделген және сыланған жік; 5 — ГҚБ беті; 6 — 60х27 мм төбе профилі; 7 — бұрама шеге; 8 — профильдерді екі деңгейлік байланыстырғыш

Металл қаңқаларды қолданған жөн, себебі, олар сенімді, ұзақмерзімді және экономикалық тиімді, өйткені зауыттық тетіктерден аз еңбек шығындарымен монтаждалады. Металл қаңқаларды кешенді жүйенің басты құраушысы болып табылатын профильдерден жинақталады. Профильдер тағайындалуы бойынша негізінен, төбелік және бағыттаушы деп бөлінеді.

Құрылыс тәжірбиесінде беттік элементтердің өлшеміне және қырларының конфигурациясына байланысты қаңқалардың бірнеше құрылымдық сұлбаларын қолданады, бұл оларды орнату бойынша технологиялық операциялардың қажетті кешенін анықтайды.

Тірек қаңқаларын құру. Жинақтамалық әрлеу элементтерінен аспалы төбелер негізінен, таза металл, ағаш торлы металл немесе ағаш тірек қаңқаларында орындалады.

Аспалы төбе асқыштарды төбенің тірек негізіне анкерына немесе анкерлік дюбель көмегімен бекітуден бастайды (4.82 және 4.83-суреттер).

Асқыштарды орнату үшін қажет:

- Перфоратор көмегімен тірек негізде диаметрі 6 мм және тереңдігі 40 мм тесік жасау;
- Тік асқыш пластинаның тесігіне анкерына (анкерлік дюбель) орнату;
- Тірек негізге тіркелгенге дейін балғамен соғу;
- Тік асқыштың бүйірлік жолақтарын 90° бұрышпен майыстыру.

Ары қарай негізгі профильдердің асқыштарына немесе ағаш кесектердің асқыштарына монтаждау орындалады, көлденең деңгейі тексеріліп, түзетіледі. Негізгі профиль (кесек) ұзындығы бөлме ұзындығынан 10 мм кем болуы тиіс. Әрбір профиль (кесек) кемінде үш дюбельмен бекітілуі тиіс. Ары қарай негізгі профильдерге кесе көлденең профильдерді (кесектерді) жобада көрсетілген қадаммен, қаңқа ұяшықтарын түзе отырып монтаждайды.

Таза аспалы төбе деңгейінде қабырға периметрі бойынша бұрыштық бекітіледі. Негізгі профильдерге немесе ағаш кесектеріне тірек кесектері және бағыттаушы профильдерді әртүрлі

байланыстырғыш тетіктері көмегімен бекітеді. Ары қарай көлденең деңгейі тексеріліп, түзетіледі.

Гипс-қатырма беттерін (ГҚБ) немесе гипс-талшықты беттерді (ГТБ) жобалық орнына орнату және қаңқаға бекіту баған немесе телескопиялық көтергіш көмегімен орындалады. Гипс-қатырма беттерін көлденең орналастырады, бір-біріне қиыстырып келістіреді және бет жиегінен 15 мм қашықтықта 150 мм қадамымен өздігінен бұралатын бұрама шегелерімен қаңқаға бұрайды, бұл кезде олардың деформациялануын болдырмау қажет.

Гипс-қатырмалық беттерді профильдерге (кесектерге) бекіту екі әдіспен орындалуы мүмкін: тірек профильдеріне кесе көлденең және олардың бойымен. Аспалы төбелерді монтаждау кезінде көршілес беттер бір-біріне қатысты 400 мм дейін ауытқумен екпінмен монтаждауы тиіс. ГҚБ және ГТБ қатырма жабыстырылмаған бүйір жақ жиектерінен жиектік жонғы көмегімен 45° бұрышпен жүз (фаска) түсіру қажет.

Бекіту жұмыстарын ГҚБ және ГТБ бұрыштарынан өзара бағытта жүргізу қажет. 4.62-суретте көрсетілгендей, бұрама шегелердің бастары ары қарай сылау үшін ГҚБ және ГТБ-ға 1 мм тереңдікте батырылуы тиіс. Беттерді тек тірек профильдерде (кесектерде) жанастыру керек. Аспалы төбелердің беттік бөлігін бояуға дайындау үшін ГҚБ және ГТБ арасындағы жіктерді арнайы сылақ құрамдарының көмегімен сылайды.

4.11.8. Беттер арасындағы жіктерді бітеу

Жанасу жіктерінде жарықтардың пайда болуын болдырмау үшін жұмыстарды температуралық-ылғал пайдалану режимі 15°C кем емес болғанда жүргізу ұсынылады.


Жіктерді өндеу кезінде ғимараттың күрт жылуы және салқындауы, өтпе желдерді болдыртуға болмайды. Жіктерді өндеуге дейін ГҚБ бекітілу сенімділігін тексеру қажет. Бұрама шегелердің шығыңқы бастарын қайтарып бұрау қажет. Жіктер шаңнан тазартылуы тиіс.

Қаңқасыз өндеу кезінде жіктер желімнің толығымен қатаюынан кейін жүргізеді (ұсынылатын уақыт өндіруші-кәсіпорын қаптарында көрсетілген).

Жоғарыда атап өтілгендей, қаңқасыз әдіспен қаптау бір бет биіктігіне сәйкес орындайды. Бұл жағдайда тек тік жіктер пайда

болады, оларды екі түрлі сылақтар көмегімен сылау қажет.

Сылақтың бір түрімен жіктерді нығайтушы таспаны қолданумен өндейді, басқа сылақтармен – жіктерді таспамен армирлеусіз орындайды. Әрине, технологиялық операциялары аз әдісті қолданған жөн, бірақ бұл әдісте қолданылатын сылақтардың бағасы жоғары. Кәдімгі сылақ жиектері жұқа ГҚБ бойлық жіктерін армирлеуші таспаны міндетті қолданумен өндеуге арналған. Мұндай материалға торлы немесе тесілген шыны-мата армирлеу таспасы немесе жоғары сапалы қағаз таспасы жатады.



4.84-сурет. Гипс-қатырма арасындағы жіктерді бітеу:


а — жіктің жалпы көрінісі; б — беттер арасына сылақ жағу; в — сылаққа

армирлеуші таспаны түсіру; z — жікті ақырғы өндеу.

Жіктерді және жапсарларды бекіту үшін ресейлік кәсіпорындар арнайы сылақ шығарады, олардың созу кезіндегі беріктігі гипс-талшықты беттердің беріктігімен салыстыруға келеді. Мұндай сылақ жіктерін армирлеуші таспасыз сылайды.

Жікке ені таспа енінен кеңірек сылақ қабатын түсіреді (4.84-сурет), ары қарай армирлеуші таспаға күрекшемен түсірілген сылақты бастырады.

4.85-сурет. Сыртқы бұрыштарды (ішкі тікбұрыш) қорғау – тесілген бұрышты орнату



Белдесу (қатаю) басталғанға дейін операция сылақты түсіргеннен кейін бірден жүргізіледі. Сылақтың бірінші қабаты толығымен кепкеннен кейін (шамамен 2-3 сағаттан кейін) жабынды қабатын түсіреді. Оны ені 20-30 см қалақшаны қолданып, жапсарлы жіктің барлық еніне, яғни, беттер жұқаланатын жерлерге жағады. Жіктер толық кепкеннен кейін қол үйкегішпен ажарлайды, мұнда беттердің біртегіс жазықтығын алғанға дейін гипс ерітінділеріне арналған арнайы ажарлау торларының әртүрлі нөмірлері немесе егеуқұм қағазын қолданады.

Гипс-қатырма беттердің сыртқы тік бұрыштарын тесілген металл бұрыштығымен (ПУ профилі) (4.85-сурет) бекітеді, ұқсас әдіспен сылайды.

Ішкі бұрыштарын бүгілген армирлеуші таспаны қолданумен сылайды.


4.11.9.

Беттерді архитектуралық пішіндермен өндеу

Қазіргі заман әрлеуінде жаңа технологияларды қолдану қабырғалар мен төбелерге әртүрлі пішін беруге, шығынқы құрылымдық элементтерді жасыруға мүмкіндік береді. Архитектуралық пішіндердің үйлесуі бір уақытта ең жоғары талаптарды қанағаттандыруы мүмкін: архитектуралық айқындылық, эстетикалық, дыбыс жұту және акустика, дыбыс окшаулау.

Архитектуралық-әсемдік пішіндерді қолдану арнайы дизайнерлік жоба бойынша орындалады. Иілген пішіндер үшін үлгілер қолданылады (4.86-сурет).

Қисық сызықты пішіндерді құру арнайы жабдықты қолдануға негізделген, оның көмегімен қалыңдығы 12,5 мм гипс-қатырма беттің сырт жағында қатырманың беттік бөлігін бүліндірмей, П немесе V тәріздес пішінде паздарды фрездейді (ойып алады). Паздар арасындағы қашықтықты азайту және фрезаның қалыңдығын арттыру арқылы біртекті иілімді сызық алуға болады.




4.86-сурет. ГҚБ қисықсызықты элементтерін жасауға арналған үлгі

Фрезерленген бетті алдын-ала дайындалған үлгіге паздармен жоғары қарай жатқызу керек, шаңнан мұқият тазалап, төсеме бояумен тегістеп сылау қажет (4.87-сурет). Паздар гипс негізіндегі сылақ қоспасының көмегімен тегістеп сылайды. Дайын фрагментті қаңқаға бекітеді. Байланыс элементтерінің жапсарына сырт жақтан үлгі бойынша қалыңдығы 0,5-0,6 мм, ені 100 мм иілген болат жолақтарын бұрама шегелермен бекіту қажет. Жіктерді, одан кейін толығымен бет тегістеп сыланады.

Екінші нұсқа – қисық сызықты элементтерді ылғал дайындау әдісі (4.88-сурет):


- Гипс-қатырманың сырт жақ бетін толығымен инелі білікшемен тесіп өту;
- Бетті дайын үлгіге бет жағымен орналастыру;
- Дайындамаға толығымен су сіңірілгенше қылқаламмен ылғалдау;
- Кептіру




4.87-сурет. ГҚБ беттерінен қисықсызықты элементтер жасау:
 1 — үлгі; 2 — төменгі бөлік қатырмасы бүтін ГҚБ беті; 3 — ГҚБ бетін бекіту үшін үлгі тіреуіші; 4 — ГҚБ аймағы; 5 — мастикамен толтыруға арналған ГҚБ бетіндегі ойылған паз; 6 — мастика

4.88-сурет. Ылғал әдіспен ГҚБ қисық сызықты элементтерін дайындау:


1 — ГҚБ иілген беттерін тіреу және тіркеуге арналған кесектер; 2 — үлгінің бүйір жағы; 3 — үлгінің бойлық жағы; 4 — бұрыштық — ГКЛ арналған тіркегіш





4.89-сурет. ГҚБ бұрышты элементтерін дайындау:

а, в — беттің әрбір жағында 90° бұрышпен екі V-тәрізді ойық; *б* — беттің бір жағында 90° бұрышпен екі V-тәрізді ойық; *г* — беттің бір жағында 45° бұрышпен V-тәрізді ойық және бет жиегінде 45° бұрышпен кесік



4.90-сурет. Күрделі архитектуралық пішінмен ГҚБ төбе элементтерін құрау: 1 — 28x27 мм профилі (2 дана); 2 — TN бұрама шегесі; 3 — 60x27 мм

профилі; 4 —LN9 бұрама шегесі; 5 —90° бұрыштық байланыстырғыш; 6 — сылақ; 7 — шам

Қажетті уақыт өткеннен кейін құрғақ, дайын, иілген бетті қаңқаға бекітіп, сылайды.

Бұрышты қисықсыздықты пішіндерді құру үшін беттердің сырт жағында паздарды кесу технологиясын қолданады. Мұндай технологиямен паз санына байланысты гипс-қатырма беттерін әртүрлі пішінмен жинақтауға болады (4.89-сурет).

Қисықсыздықты беттердің әртүрлі пішіндерін біріктіре отырып, төбелерді конфигурациясы әртүрлі күрделі архитектуралық пішінмен әрлеуге болады (4.90-сурет).

4.11.10. Бөлмелерді құрғақ әдіспен әрлеу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру

Сапалы төбе қапталуына қол жеткізу, өндеу жұмыстарын және жалпы жұмыс өндіргіштігін арттыру үшін барлық жұмыстарды топпен орындаған жөн. Аса күрделі жұмыстарды жоғары санатты құрғақ әрлеу мамандары орындауы тиіс, яғни, 4-5 разрядты жұмысшылар (бұл жұмыстарға беттің түзулігін тексеру, шамшырақтарды орнату, қаңқаны монтаждау және күрделі элементті аспалы төбелерді құру жатады). 3-разряд жұмысшылары күрделігі төменірек жерлерде беттерді қаңқаға бекітеді, беттерді өлшемі бойынша дайындап, кеседі. 2-разрядты жұмысшы әрлеуге арналған негіз дайындайды, бет материалын сұрыптайды, елеусіз жерлерді өңдейді.

Жұмыс орнын қажетті материалдар мен құрал-саймандар қолайлы орналасатындай ұйымдастырады. Биіктіктегі төбе мен қабырға әрлеуін мінбе-үстелдерден орындайды, биіктігі 4 м жоғары ғимараттарды әрлеу кезінде жұмыс құрал-саймандық қозғалмалы мінбелерден немесе тұтқасы бар ағаштардан орындалады. Дайындамалар арнайы стенд(жайма тақта)-үстелдерде кесіледі.

Жұмыс аяқталғаннан кейін барлық құралдар, аспаптар және құрал-саймандарды тазартады. Жұмыс орнын ретке келтіріп, қоқыстан тазартады. Жұмыс фронтын келесі күнге дайындайды.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Бетон және кірпіш беттерін дайындау ерекшеліктері қандай?
2. Тік беттердің түзулігін тексерудің мәнісі қандай?
3. Сылақ жұмыстарына арналған ерітіндіні қандай көрсеткіштер бойынша таңдайды?
4. Сылақтың архитектуралық бөлшектері дегеніміз не?
5. Әсемдік сылақтың құрамына кіретін құраушыларды атаңыз.
6. «Жаңа технологиялар» түсінігін қалай түсінесіз?
7. Кәдімгі сылақты арнайы сылаққа не ауыстыруы мүмкін?
8. Ғимаратты құрғақ әрлеу әдісі қашан пайда болды?
9. Құрғақ әрлеу әдісі ылғал әрлеу әдісінен артықшылықтары қандай?
10. Беттерді архитектуралық элементтермен әрлеуге арналған қандай әдістер мен аспаптар қолданылады?

СЫЛАУ ЖҰМЫСТАРЫН МЕХАНИЗАЦИЯЛАУ

Монолиттік ылғал және құрғақ сылақты өндеу бойынша жұмыстар орындалғанда келесі технологиялық операциялар механизацияланған:

- Ерітіндіні дайындау және жұмыс орнына беру;
- Беттерді тазалау және дайындау;
- Жабынды қабат бетін үйкелеу;
- Ерітінді бұжырлығы мен бет бертексіздігін тегістеу.

Бұл операциялардың барлығы механизациялау құралдарының көмегімен орындалады, бұл жұмыс көлемдігін қысқартуға және еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Көлемі 5 м² және одан да тар бөлмелерде, сондай-ақ, ерітіндіні механизацияланған әдіспен жағу мүмкін болмайтын жағдайда ерітінді қолмен жағылады.

Ерітінді және құрғақ қоспаларды ерітінді және бетон ерітінді зауыттарында жүйелі өндіріледі. Механизацияланған объектілік немесе қозғалмалы құрылғыларда оларды тек аз жұмыс көлемі кезінде зауыттың құрылыс нысанынан алыс орналасқан жерінде орындайды.

Құрылыс жағдайында әрлеу жұмыстары құрылыста ең үлкен пайызды құрайды, олардың ішінде ең еңбек көлемдісі – сылау жұмыстары. Сылау жұмыстарының технологиялығын арттыру және еңбек көлемділігін төмендету үшін кешенді механизациялауды қолдану қажет.

Қазіргі уақытта сылақ ерітіндісін дайындау, ерітіндіні жұмыс орнына беру, ерітіндіні жағу және үйкелеу механизацияланған. Сылақ қоспаларын бетон ерітінді зауыттары мен түйіндерінде орталықтандырылған түрде дайындайды, ерекше жағдайда – объектерде сылақ-араластырғыш агрегаттарда орындайды. Ерітіндіні тасымалдау кезінде ерітінді қатпарланады; ол жұмысқа жарамды болуы үшін оны қосымша араластырады, қажет болған жағдайда қоспалар қосады. Ерітіндіні қайта өндеу және жұмыс орнына беру қозғалмалы сылақ станцияларының көмегімен іске асырылады. Станция құрамында: ерітіндіге арналған қабылдау бункері, ерітінді араластырғыш, дірілдік тор, қайта өндірілген ерітіндінің аралық бункері; ерітінді түтікшелері жинағымен бір немесе екі ерітінді

сорғышы, бүріккіш, компрессор болады. Компрессор беттерді тазалауға, сондай-ақ, оларға ерітіндіні жағу үшін арналған. Барлық жабдықтар екі осьті тіркемеге құрастырылады. Ерітінді жұмыс орнына ерітінді өндіргіштігі $1-8 \text{ м}^3/\text{сағ}$ тығынжылды немесе диафрагмалы сорғыларымен беріледі.

Қабаттар бойынша ерітінді тұйық немесе сақиналы ерітінді құбырлары арқылы беріледі. Ерітінді құбырлары белгілі жерге ерітіндіні беруге арналған резеңке шланг болып табылады. Егер еретіндіні бірнеше қабатқа беру қажет болса, онда тұйық ерітінді құбырларын диаметрі 50-100 мм газды құбыр буындарынан құрастырады. Әрбір тарату орнында үш жүрісті крандар орнатады.

5.1

ЕРІТІНДІНІ ДАЙЫНДАУ МЕХАНИЗМДЕРІ

Ерітінді араластырғыштар ерітінді қоспаларын дайындауға арналған. Жұмыс істеу принципі бойынша ерітінді араластырғыштар периодты (циклдық) және үздіксіз әрекет ету машиналарына ажыратылады. Периодты әрекет ету машиналарында араластыру және дайын ерітіндіні беру процесі белгілі уақыт аралықтарынан өтеді. Мұндай машиналардың өндіргіштігі араластырғыш барабанның сыйымдылығымен сипатталады.

Үздіксіз әрекет ету машиналарында ерітіндіні жүктеу, араластыру және дайын ерітіндіні беру үздіксіз жүреді. Бұл машиналар сағаттық өндіргіштікпен сипатталады.

Ерітіндіге арналған құраушыларды араластыру әдісі бойынша ерітінді араластырғыштар бөлінеді:

- Айналмалы қалақша әсерінен мәжбүрлі араластыру араластырғыштары;

- Гравитациялық, яғни, барабанда құраушылардың еркін құлауы кезінде араластырғыштар;

Машинаны жұмыс орнында орнату әдісі бойынша ерітіндіні араластырғыштарды ажыратады:

- қозғалмалы;
- стационар.

Қозғалмалы араластырғыштардың сыйымдылығы кіші, оларды тікелей құрылыс алаңында қысқа уақыт ішінде тікелей қолданады.


Стационар ерітінді араластырғыштарды ерітінді зауыттары мен түйіндерде қолданады.

СО-46Б, СО-23В, СО-26В қозғалмалы циклдық әрекетті ерітінді араластырғыштары (МЕСТ 16349—85) жұмыс көлемі аз объекттерде ерітінді қоспаларын дайындауға арналған. Кіші өлшемдерінің арқасында бұл ерітінді араластырғыштар өнделетін бөлмелерде қолданылуы мүмкін.

СО-46Берітінді араластырғыш (5.1-сурет) фракциялар ірілігі 5 см кем емес стандарт конус бойынша қозғалғыштығы 5 мм кем емес жұмыс көлемі аз объектілерде құрылыс ерітінділерін дайындауға арналған.

Ерітінді араластырғыш периодты әрекет ететін қысқа мерзімді араластыру режимімен қозғалмалы машина болып табылады. Барабан бекітілетін арба рамасы 1 құрылыс алаңы бойынша қозғалу үшін жүрісті екі дөңгелек, тіректер және тұтқадан тұратын пісірілген құрылым болып табылады.

Ерітінді араластырғыш келесі принциппен жұмыс жасайды. Арбаға орналастырылған араластырғыш барабанға 5 тормен 6 қоршалған жүктеу тесігі арқылыерітінді қоспасының құраушыларын қолмен жүктейді. Құраушылар білікте орналасқан, электрқозғалтқыштан 2 айналатын қалақшалармен 4 араластырылады. Дайын ерітіндіні жүктеу механизацияланған. Білік айналу бағытын өзгерту арқылы дайын ерітінді біліктің қозғалмалы қалақшалары әсерінен шығарылады.




5.1-сурет. СО-46Б ерітінді араластырғыш:

1 — арба; 2 — электрқозғалтқыш; 3 — электршкафы; 4 — қалақша; 5 — араластырғыш барабан; 6 — жүктеу тесігінің қоршауы; 7 — тұтқа

5.2-сурет. СО-23В ерітінді араластырғышы:

1 — арба; 2 — араластырғыш барабан; 3 — қалақша; 4 — электрқозғалтқыш



Бос барабан бастапқы қалыпқа тұтқамен 7 қалпына келтіріледі.

Ерітінді

араластырғыштың басқару батырмалары электр шкафында 3 орналасқан, онда автоматты ажыратқыш орналасқан.


СО-23В ерітінді араластырғыш (5.2-сурет) тікелей жұмыс орнында немесе оның маңында құрғақ қоспа ерітінділерін дайындауға әсіресе ыңғайлы. Ерітінді араластырғыш рамасында шалқаймалы траверса орналасқан, мұнда жетек құрылғысы монтаждalған, ол электрқозғалтқыштан 4 және қалақшалы білікті редуктордан тұрады. Траверса білікпен топса арқылы байланысқан, бұл оны көлденең ось бойынша бұруға және сол арқылы үш қалыпта тіркеу мүмкіндігін береді: жұмыс, тасымалдау және бос қалыпта. Ерітінді жалғамалы бункерде дайындайды. Ерітіндіні араластыру кезінде бункерайналып кетпеуі үшін траверсаға иірілуге және ерітіндінің жақсы араласуына ықпалдасатын қалақша 3 бекітілген.

СО-44 Инерциалық құм елек (5.3-сурет) аз көлемде құм және т.б. үгілмелі материалдарды електен өткізуге арналған. Ол топсалық байланыстармен байланысқан екі рамадан тұрады: тесік елеуіші баржоғарғы қозғалмалы 4 және төменгі қозғалмайтын 5. Тесік елеуіш өзара көлденең біліктермен байланыстырылған бойлық тақтайшалардан тұрады. Електен өткізілетін материалды ірі кесектердің түсіп кетуінен сақтайтын желтартқыш торлы 2 жүктеу құйғышынан 3 өткізеді. Жоғарғы рама электрқозғалтқыштың 1 эксцентрілік білік шатунымен 6 іске келтіріледі.

Сылау агрегатын сылақ жұмыстарының аз көлемінде және жөндеу жұмыстарын өндіру кезінде қолданады, бұл кезде ерітінді қоспаларын



объектілік ерітінді бөлімінде дайындайды (5.4-сурет).

Құм ерітінді бөліміне өзі аударғыш жүк машинасымен тасымалданады және құм електің тікелей маңына конвейер көмегіменнемесе қолмен түсіріледі. Құм елек торынан өткеннен



кейін, құм таспалық конвейер қабылдағышына келіп түседі, ары қарай бункерге беріледі. Бункерден дірілдік бекітпе арқылы құм ерітінді араластырғыштың шөмішіне беріліп, одан барабанға төгіледі.

5.3-сурет. СО-441 инерциялық құм елек: 1 — электрқозғалтқыш; 2 — желтартқыш тор; 3 — жүктеу құйғышы; 4 — жоғарғы қозғалмалы рама; 5 — төменгі қозғалмайтын рама; 6 — шатун



5.4-сурет. Сұлау агрегаты:

a — СО-57Б; *б* — СО-152: 1 — бункер; 2 — ерітінді сорғысы; 3 — ерітінді араластырғыш; 4 — дірілдік тор; 5 — ортақ рама; 6 — электршкафы; 7 — компрессор

Езілген әк (немесе сұйық әк)ерітінді түйініне цистернада әкелінеді және бункерге құйылады. Мұнда әкті сумен қажетті консистенцияға дейін сумен араластырады және сорғы арқылы ерітінді араластырғыштың мөлшерлегіш бакқа ауыстырып құяды, ал бактан сұйық әк ерітінді араластырғыштың араластырғыш барабанына келіп түседі.

Егер цементтік-әк ерітінділер дайындалса, цемент белгілі уақыт ішінде белгілі мөлшерде құммен араластырылып, сұйық әк қосылады және дайын ерітінді қоспасын алуға дейін құраушыларды ақырғы араластыруы жүргізіледі.

5.2


ЕРІТІНДІ ҚОСПАЛАРЫН ТАСЫМАЛДАУҒА АРНАЛҒАН МЕХАНИЗМДЕР МЕН ЖАБДЫҚТАР

Ерітінді сорғылары ерітінді қоспаларын жұмыс орнына тасымалдауға арналған. Өндіргіштігі 1-2 м³/сағбеттерге сылақ қабаттарын жағу үшін өндіргіштігі 4-6 м³/сағ ерітінді сорғылары қолданылады. Поршеннен резеңке диафрагмаға қысым беретін поршендік сорғылар кең таралған.

СО-10ерітінді сорғысы (5.5-сурет) сорғы бөлігінде клапандық қорапшадан, жетек механизмінен және беріліс механизмінен 11 тұрады. Ерітінді сорғысының жұмыс циклі келесідей. Тығынжыл 1 ақырғы қалыпқа орнатады және кұю-сақтандырғыш құрылғы 9 арқылы сорғы камерасына су құйылады. Электрқозғалтқышты 10 іске қосқанда поршень алдыға жылжиды, суды айдау арқылы резеңке диафрагманы 4 қысады, ол айдау клапаны 6 арқылы жұмыс камерасынан 5 ауаның әлдеқандай бөлігін өтемдеуішке 7, ары қарай келтеқосқышпен 8 қысымды ерітінді құбырына айдап шығарады. Кері жүріс кезінде тығынжылжұмыс камерасында босап, нәтижесінде бункерден сору каналы 2 арқылы жұмыс камерасына ерітінді түседі. Ары қарай цикл қайталанады. Ерітінді сорғысы қысымды автоматты реттеу және қашықтықтан басқару релесінен тұрады.

СО-29Б ерітінді сорғысы сыланған бетке ерітінді қоспасын

тасымалдауға және механизацияланған жағуға арналған. Қысымның асып кетуінен сақтау және қашықтықтан басқару үшін пневматикалық қысым релесі бар.




5.5-сурет.СО-10 ерітінді сорғысы:

1 — тығынжыл; 2 — диафрагма; 3 және 6 — сорғыш және айдау клапаны, сәйкесінше; 4 — жұмыс камерасы; 5 және 14 — қайта шығару және шығару краны, сәйкесінше; 7 — өтемдеуіш; 8 — келтеқосқыш; 9 — құю-сақтандырғыш құрылғы; 10 — электрқозғалтқыш; 11 — беріліс механизмі; 12 — ажыратқыш; 13 — арба; 15 — сору буыны; 16 — жалғама құбыр

СО-30Б ерітінді сорғыш биіктігі 9 қабатқа дейін ерітінді қоспаларын тасымалдауға арналған. Ол СО-29Б сияқты, қарапайым әрекетті, жайпақ диафрагмалы, бір сатылы көлденең поршеньдік болып табылады. Мұндай ерітінді сорғыларын тек ерітінді сорғы қондырғаларында қолданылады.

СО-171, СО-172, СО-167, СО-168 ерітінді сорғылары құрылыс және сылақ ерітінділерін жұмыс орнына айдау және тасымалдауға арналған. СО-167, СО-168 ерітінді сорғылары тек сылақ станцияларына арналған. СО-171, СО-172 ерітінді сорғылары сылақ агрегаттары мен ерітінді қозғаушысы және ерітінді құбыры бар бункерлі станциялар құрамында қолдануға ескерілген. Басқару пульті агрегат және станция пультімен сәйкестендірілген. Ерітінді сорғылары қозғалғыштығы 7 см және толтырғыш ірілігі 5 мм жоғары ерітіндіні жүктегенде қалыпты жұмысты қамтамасыз етеді. Ерітінді сорғыларының құрылымдық сұлбасы бірдей. Олар СО-171, СО-172 ерітінді сорғышының түйіндері арбаға монтаждалуымен, ал СО-167, СО-168 ерітінді сорғышының түйіндері рамаға монтаждалған.

5.6-сурет. СО-7Б қозғалмалы компрессорлы қондырғысы:
1 — электрқозғалтқыш; 2 — компрессор қартері; 3 — цилиндрлер блогы; 4 — ауа тазартқыш; 5 — цилиндр блоктарының басы; 6 — қысылған ауаны беруге арналған түтік; 7 — манометр; 8 — май-су бөлгіш; 9 — ресивер



Компрессорлар (5.6-сурет) әрлеу жұмыстары кезінде әртүрлі машиналарды қоректендіруге қажетті қысылған ауа алу үшін қажет, сондай-ақ, ерітінді қоспасын сыланатын бетке түсірген кезде пневматикалық бүріккіште (форсунка) бүркуге арналған.

СО-7Б компрессорлық қондырғысы компрессор орнатылған қозғалмалы арба болып табылады. Компрессордың сору және айдау тесіктері бар цилиндрі болады. Цилиндрде ротор айналады, оның қалақшалары сору камерасынан ауаны алады, камерада қысады және ауа құбырларына шығарады.


Ерітінді құбырларын ерітінді сорғысынан пайда болатын қысым әсерінен ерітінді сылақ қоспаларын тасымалдау үшін қолданылады. Ерітінді құбырлары метелл немесе резеңке-маталы магистраль тікқұбырларынан және ажыратқыш желіден тұрады.

Құрал-саймандық металл тікқұбырларын қабаттылығы орташа және жоғары ғимараттарға ерітінді қоспаларын тасымалдау үшін қолданады. Төмен қабатты ғимараттарда резеңке металы шланг тікқұбырларын қолданады. Металл тікқұбырлары бір құбырлы және сақиналы болады.

Құрал-саймандық *сақиналы ерітінді құбыры* (5.7, а-сурет) қабат аралық таратушы үш жүрісті крандармен 2 жабдықталған тұйық тік магистраль болып табылады. Ерітінді құбырының қарсы тармағында үш жүрісті тарату крандары бар, олар тазартуға арналған. Ерітінді құбырының бір ұшы ерітінді сорғысының келтеқосқышына жалғанған, ал екінші ұшы – ерітінді сорғы қондырғысының аралық бункеріне түсірілген.

Құрал-саймандық *бір түтік ерітінді құбыры* (5.7,б-сурет)

диаметрі 50-100 мм, ұзындығы 3 м-ден га құбырларының кесінділеріне монтаждалады, олар өзара фланецпен жалғасады. Ерітіндінің қабат аралық бункерлерге немесе форсункаға тікелей берілуі үшін әрбір қабатта тікқұбырға үш жүрісті крандарды 2 орнатады, олардың жалғама құбыр бұрмасына резеңке шланг жалғайды.








5.7-сурет. Ерітінді құбырлары:

а — сақиналы металлдық; *б* — бір құбырлы; 1 — ревизия; 2 — үш жүрісті кран; 3 — келтеқосқыш; 4 — бүркегіш; 5 — ауа вентилі; 6 — ауа шлангы; 7 — құрал-саймандық ерітінді құбыры; 8 — буындардың фланецтік байланысы

Диаметрлері әртүрлі және бірдей ерітінді құбырлары кесінділерін жапсарластыру үшін *құрал-саймандық байланыстар* қолданылады (5.8-сурет). Ішкі және сыртқы шлангтармен байланыс ішкі фланец жұбынан 12 (олар шлангтардың 1 және 5 ұшына салынады) және

сыртқы фланецтер жұбынан 11 (байланысушы шлангтердің үстіне кигізілетін) тұрады. Сыртқы фланец жұбын екі бұрандамен 10 бекітеді. Шлангтарды бұрандамасыз құрал-



5.8-сурет. Шлангтардың құрал-саймандық байланыстары:

a — әртүрлі диаметрлі; *b* — бірдей диаметрлі; *c* — ішкі фланецті бірдей диаметрлі; *d* — бұрандамасыз; 1және5 — сәйкесінше, қимасы үлкен және кіші шлангтер; 2 — қамыт; 3 — сақина; 4 — бекітпесі бар фланец; 6 — қимасы бірдей шлангтер; 7 — жалғама құбырлы фланецтер; 8 — тойтармалар; 9 — резеңке төсеме; 10 — бұрандамалар; 11және12 — сәйкесінше сыртқы және ішкі фланецтер; 13 — тұтқа; 14 — жапсырма тақтайшалы сақина; 15 — екі қадасы бар сақина; 16 — жалғастырғыш — ұштары конус тәріздес байланыстырғыш жалғама құбыр

саймандық байланысы (5.8, г-сурет) әртүрлі түр өлшемді болады. Оның құрылымы шланг диаметріне байланысты. Мұндай байланыс ерітінді құбырларын тез жинауға және бөлшектеуге мүмкіндік береді.

Ерітінді құбырларының диаметрі ерітінді қоспасын беруге қажетті биіктігіне және ерітінді сорғысы өндіргішітігіне (берілуі) байланысты таңдалады:

Ерітінді сорғысының өндіргіштігі, м ³ /сағ 1...2	4	6
Ерітінді қоспасын беру биіктігі, м..... 15	30	40
Ерітінді құбырының диаметрі, мм 32.38	50; 62,5	75; 80

Магистральдық ерітінді құбырларында диаметрі 62,5-75 мм болат құбырлары қолданылады, ал қабаттардағы таратушы желілерде — ұзындығы 12 м, диаметрі 38 мм резеңке-маталы шлангтер қолданылады.

Ерітінді қоспасын сорғыдан қабат аралық тарату бункерлеріне немесе сылақшылардың жұмыс орындарына тікелей беретін металл ерітінді құбыры және резеңке-металы шлангтер баспалдақ алаңының ойықтарына немесе басқа жерлерге пайдалану кезінде еркін қол жетілетіндей төселеді немесе ілінеді.

Жұмыс аяқталғаннан кейін ерітіндіні, сұйық әк және суды құбырдан ағызу мүмкіндігі болатындай металл құбырлардың көлденең аймақтарын ерітінді құбырына қарай аздаған еңістікпен (5° дейін) монтаждаған жөн. Жүйені тазарту және шаю кезінде шлангтерде ерітінді қоспасы, сұйық әк және су қалмайтындай салбырап тұрмауы тиіс.


Құбырлар мен шлангтердің жіктері ертінді құбырларының диаметрін кішірейтпеуі, құбырда қандай да бір шығыңқы жерлері болмауы және ылғал өткізбеуі тиіс.

Бүріккіштер — бұл ерітінді қоспаларын бүрку үшін ерітінді шлангісінің ұшына кигізілетін ұштық. Бүріккіштер өнделетін бетке толтырғыштар фракциясы 5 мм аспайтын қозғалғыштығы 7 см кем

емес сылақ ерітінді қоспаларын бүрку үшін қолданылады. Бүріккіштердің екі түрі болады: ФШП – пневматикалық (5.9-сурет, а,б) және ФШМ – механикалық (5.9-сурет, в). Бүріккіштердің сипаттамасы:

Бүріккіш ентаңбасы	ФШП-2	ФШП-4	ФШМ-2	ФШМ-4
Өндіргіштік, м ³ /сағ.....	2	4	14	
Салмағы, кг, жоғары емес	2	2,5	0,4	0,5

Пневматикалық бүріккіштердің сақиналық және орталық ауа беретін түрлері болады. Ауа сақиналық берілетін бүріккіште ол арқылы өтетін ерітінді қоспасы қысылған ауамен ілініп, сақиналы ағынмен бүріккіштің штуцер тұрқысындағы сақиналық қыстырмасы арқылы резеңке ұшына беріледі және күшпен сыланатын бетке бүркілген алау-ағыны ретінде беріледі. Ауа орталықтан берілетін бүріккіште қысылған ауа бүріккіш ұшының ортасына тікелей түседі.



5.9-сурет. Бүріккіштер:

а — пневматикалық ауаның сақиналық берілуімен; б — пневматикалық

ауаның орталықтан берілуімен; в — механикалық әрекетті; 1 — резеңке диафрагма; 2 — төсемен; 3 — сомын; 4 — түтік

Механикалық әсер бүріккіштерінде ерітінді қоспасы ерітінді сорғысы мен ерітінді өткігішіндегі жоғары қысым есебінен шашырайды. Бұл кезде, ерітінді арнайы төсемелер арқылы өтіп, айналмалы қозғалады, бүріккіштен шыққанда ұсақ бөлшектерге шашырайды.

5.3


СЫЛАУ АГРЕГАТТАРЫ, МАШИНАЛАРЫ ЖӘНЕ СТАНЦИЯЛАРЫ

Сылау агрегаттары сылақ ерітінді қоспаларын дайындауға немесе дайын тауарлық ерітіндіні қайта өндеуге (араластыруға), сүзгіден өткізу, жұмыс орнына тасымалдау және өнделетін бетке жағуға арналған.

Қозғалмалы сылау агрегаты СО-57Б (5.10-сурет) сылақ ерітінді қоспаларын дайындауға сүзгіден өткізу, жұмыс орнына тасымалдау және өнделетін бетке компрессорсыз бүріккішпен түсіруге арналған.


5.10-сурет. СО-57Б сылау агрегаты:

1 — бункер; 2 — ерітінді сорғысы; 3 — ерітінді араластырғыш; 4 — дірілді елеуіш; 5 — ортақ рама



Агрегат құрамына технологиялық ретгілікпен пневматикалық дөңгелек жүрісті тіркеменің жүріс рамасында орнатылған 5 ерітінді араластырғыш 3, дірілді елеуіш 4, бункер 1 және ерітінді сорғысы 2, ерітінді құбырлары, шлангтер мен бүріккіштер кіреді. Бұл агрегатты 15 км/сағ жылдамдықпен тасымалдау мүмкіндігін береді. Агрегат пневматикалық қашықтықтан басқару жүйесімен жабдықталған, бұл операторға

ерітінді сорғысын жұмысты орындау жерінен тікелей өшіріп-қосуға мүмкіндік береді.



5.11-сурет. CO-152 сылау агрегаты:

1 — ерітінді сорғысы; 2 — электршкафы; 3 — өтемдеуіш; 4 — қабылдау бункері


Қабат аралық жұмыстарда қолданылатын *CO-152 сылау агрегаты* (5.11-сурет) ерітінді қоспаларын сүзгіден өткізуге, айдап құюға, механикалық немесе пневматикалық бүріккіш көмегімен бүркеуге арналған. Агрегат құрамына қоздырғыш және дірілді елеуішпен бункер 4, ерітінді сорғысы 1, ерітінді құбырлары, шлангтері және бүріккіштер жинақтамасы.

Құрғақ қоспалармен жұмыс жасауға арналған PFTG4 сылау агрегаты (5.12-сурет) сылау жұмыстарының аз көлемінде және жөндеу жұмыстарында қолданылады, бұл кезде ерітінді қоспалары объектілік ерітінді түйінінде дайындалады. Бункерге 3 белгілі мөлшерде құрғақ дайын қоспа жүктеледі. Қоспа автоматты түрде бункерге 3 беріледі, мұнда ол сумен араластырылады. Ары қарай дайын ерітінді сорғысымен 5 беріледі, ерітіндіні бетке бүркеу үшін белгілі қысыммен құбырларға беріледі.

Торкретті-сылауға арналған агрегат цемент-зеңбіректен, су және ауа тазартқышқа арналған сыйымдылықтан, ол компрессор арқылы цемент-зеңбірекке айдалатын ауаны тазартады. Үздіксіз әрекетті СБ-13 цемент-зеңбірегі (5.13-сурет) қысылған ауа көмегімен бетон немесе ерітінді қоспасының тығыз қабатын бетке жағуға арналған. Торкрет-сылақты жағу алдында цемент-зеңбірек ауасы қысымынан 0,05 МПа жоғары қысыммен шүмекке су беріледі. Ерітінді қоспасының бір ретте түсірілетін қабатының орташа қалыңдығы – 20 мм көп емес.


Цемент-зеңбіректің жұмыс жасау принципі келесідей. Құрғақ қоспаны бункердің 6 торына 5 береді, одан кейін ол айналмалы шлюздық барабанның 8 ұяшықтарына келіп түседі, ол арқылы қоспа төменгі тығыздаушы дисктің төменгі түсіргіш тесігіне беріліп, пәрелі мөлшерлегіш 2 уысына түседі. Мөлшерлегіш қалталарына компрессордан цемент-зеңбіректен берілетін қысылған ауа келтірілген. Мөлшерлегіштен құрғақ қоспа шықпалық жалғама құбыр арқылы оған жалғанған иілгіш түтікке беріледі, ол қалыпты жағдайда үлкен жылдамдықпен шүмекке 3 қарай қозғалады, мұнда қоспа сумен ылғалданып, араласады, сұйық ерітіндіге айналғаннан кейін 120-170 м/с жылдамдықпен шүмекпен беріледі. Ерітінді күшпен жабылатын қабатқа соғылады және оған тығыз қабатпен түседі.

Шүмек (5.14-сурет) сақина тәрізді араластырғыш камерасы бар тұрқыдан 4 тұрады, камерада көлбеу орналасқан тесікті сақина болады. Тұрқыға беткі жағынан ішінен футерленген конус тәрізді металл ұңғы бекітілген, ал артқы жағынан инвентарлы шланг 8 бекітіледі. Тұрқы арқылы жоғары жақта су шлангы 1 және шұра 2 көмегімен шүмектің араластырғыш камерасына су келіп түседі, су ағыны ерітінді қоспасының құрғақ құраушыларымен жақсы араласуын қамтамасыз етеді. Жұмыс барысында шүмекті өнделетін беттен 1 м қашықтықта ұстайды, спираль бойынша қозғалтады. Шүмекпен жұмыс жасау кезінде ерітінді қоюлығын бақылау қажет: егер ерітінді қою болса, ол шаңдайды, егер сұйық болса, беттен ағып түседі. Жұмыс барысында шүмекті өнделетін беттен 1 м қашықтықта ұстайды, спираль бойынша қозғалтады.




5.12-сурет. PFTG4 сылау агрегаты:

1 — электрқозғалтқыш; 2 — құрғақ қоспаға арналған бункер; 3 — құрғақ қоспаны сумен араластыруға арналған бункер; 4 — ортақ рама; 5 — ерітінді сорғысы



5.13-сурет. СБ-13 цемент-зеңбіректің құрылымдық сұлбасы:

1 — арба; 2 — пәрелі мөлшерлегіш; 3 — шүмек; 4 — жоғарғы тығыздаушы диск; 5 — тор; 6 — бункер; 7 — коздырғыш; 8 — шлюздік барабан; 9 — төменгі тығыздаушы диск; 10 — бұрамдық редукторлы электрқозғалтқыш




5.14-сурет. Торкрет-сылақты бүркуге арналған шүмек:

1 — су шлангі; 2 — вентиль; 3 — жалғамалы құбыр; 4 — тұрқы; 5 — араластырғыш камера; 6 — конус тәрізді металл ұңғы; 7 — резеңке төсеме; 8 — инвентарлық шланг

Гидро-оқшаулағыш сылақты оқшауланушы бетке (бассейн, су қоймалары, жертөлелер және т.б.) механизациялық жағу құрамы 1:2 және 1:3 кәдімгі цемент-құм ерітіндісімен арнайы торкетірлеу қондырғыларымен орындалды, яғни қысылған ауа қысымымен бүркеледі. Қажетті жағдайда цементті-құм ерітіндісіне тығыздаушы қоспалар енгізеді (сұйық шыны, церезит, натрий алюминаты, битумдық және латекс эмульсиялары және т.б.). Қалыңдығы 15-20 мм қатайған торкрет-сылақ тығыз қабатының беріктігі 1,5 МПа дейін болады.


Торкрет-сылақ жағуға арналған қондырғы құрамына цемент-зеңбірек, ресивермен компрессор, су бағы, иілімді шлангтер (материалдық, су, ауа) және шүмек орнатылған дөңгелек жүрісті арба кіреді. Қысылған ауа қысымы 0,3-0,4 МПа кезінде құрғақ қоспа бойынша цемент-зеңбіректің өндіргіштігі 1,5,4 м³/сағ; тасымалдау қашықтығы: көлденең бойынша 200 м дейін, тік бағытта 45 м дейін; электрқозғалтқыш қуаты – 4-5,5 кВт; шлюздік барабан жиілігі – 0,07-0,08 с⁻¹; салмағы – 800-1 000 кг. Цемент-зеңбірекпен жабдықталатын жинақтаға диаметрі 38 мм, ұзындығы 30 м материалдық шланг; диаметрі 12 мм, ұзындығы 30 м ауа иілімді түтігі, шүмек және қосымша бөлшектер кіреді.

СО-86А сылау-бітеу электр машиналары (5.15, а-сурет) қос сатылы редуктор арқылы алюминий дисктерін 3 және 4 қарама-қарсы жаққа айналдыратын жоғары жиілікті қозғалтқыштан 1 тұрады. дисктерге пенопласт немесе ағаш жоңқалы плитадан жасалған бітеу дисктерін бұрама шегелермен немесе желіммен жабыстырады. Бітелетін бетті ылғалдауға арналған су тіс тегершік білігінің тесігі арқылы беріледі. Қалқымалы дискті 8 СО-112А сылау-бітеу электр машиналары СО-86А бітеу машинасымен салыстырғанда машина білігінде серпімді резеңке аспа 8 көмегімен машина білігіне орнатылған бітеу дискісімен жабдықталған. Аспа сылақшының (оператордың) жұмыс жағдайын айтарлықтай жақсартады, өйткені, бітеуші диск беті машина орнына тәуелсіз өнделетін бет жазықтығында орналасады. Бұл бітеу дискісінің өнделетін бетке қадалуын болдырмайды. Оны пайдалану оңай және сенімді, салмағы кіші. Сонымен қатар, бір бітеу дискісіне қолдану машина дірілін азайтады.



5.15-сурет. Сылау-бітеу электр машиналары: *а* — СО-86А; *б* — СО-112А; 1 — электрқозғалтқыш тұрқысы; 2 — тұтқа; 3, 4 және 8 — бітеу дисктері; 5 — электр ажыратқыш; 6 — су берілуін реттегіш; 7 — резеңке аспа

5.16-сурет. СО-123 сылақ бүріккіші:
1 — бояуға арналған ниппель; 2 — шүмек; 3 — бастиек; 4 — тұрқы; 5 — ине реттеушісі; 6 — ауа ниппелі; 7 — тұтқа; 8 — ауа клапаны




СО-123 сылақ бүріккіші (5.16-сурет) қысылған ауамен бүрку арықылы сылау қоспаларын түсіруге арналған. Бүріккіш сылақ қоспаларына арналған бояу айдау бакымен ғана жұмыс жасайды.

5.4

МАТЕРИАЛДАРДЫ ТІК ТАСЫМАЛДАУҒА АРНАЛҒАН ЖҮК КӨТЕРГІШТЕР

Сылау жұмыстары элементтер арасындағы түйіндесулерді бітеуге, жөнді жонып тегістелмеген беттерді (руст) орнықтыру және құбырлардың өтетін жеке орындарын сылауға келіп тірелетін сылау жұмыстарын механизациялаудың қарапайым құралдарын орнату экономикалық жағынан тиімді емес. Мұндай жағдайда ерітінділер мен әртүрлі дана материалдар тік жүк көтергіштер көмегімен беріледі.




5.17-сурет. ТП-12 жүк көтергіші:
 1 — электржабдық; 2 — жүк арқаны; 3 — қабырға тірегі; 4және6 — сәйкесінше жоғарғы және қатарлық секциялар; 5 — жүк күймешесі; 7 — тірек рамасы

